various approaches to the classification of professional competencies, such as: communicative, methodological, pedagogical, language (linguistic), social, organizational, reflective, psychological and pedagogical, socio-psychological, cognitive, intercultural, personal, linguo-socio-cultural, grammatical, strategic, discursive, socio-cultural, socio-linguistic, special, linguo-multimedia, digital, ICT competence. Based on these classifications, the following competencies of the future foreign language teacher have been identified, based on the goals and objectives of distance education: linguistic competencies, foreign language communicative competencies, psychological and pedagogical competencies, methodological competencies and digital (information and communication technologies) competencies.

**Keywords:** structure, professional competencies, future teacher, foreign language, online, distance education, digital competencies, ICT competencies.

*Статья поступила 15.02.2022*

**УДК 37.11.74**

**МРНТИ 14.01.45**

**DOI 10.48371/PEDS.2022.66.3.005**

**БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ –  
МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ**

\*Тилеубаева Ж.С.<sup>1</sup>, Секерова Т.М.<sup>2</sup>, Айтжанова М.О.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Б.ғ.к., доцент м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: tileubayeva\_kz@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: tolganai\_8805@mail.ru

<sup>3</sup>Б.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан, e-mail: mira\_fn@mail.ru

**Андатпа.** Заман талабына сай оқу үрдісінде білім мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жақсарту білім реформасының жүзеге асуының басты шарты. Заманауи негізгі міндеттердің бірі осы заманғы білім жүйесін әлемдік деңгейге көтеруді мақсат ете отырып, сапалы білім мен білік алған бәсекеге қабілетті болашақ маман иегерін дайындау. Сонымен қатар теориялық білімін практикамен ұштастырып қолданысқа ендіру арқылы еліміздің дамып көркейуіне өз үлесін қоса алатын, өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі жоғары, толық қалыптасқан жеке тұлғаны жетілдіру болып табылады. Сондай-ақ, қазіргі жағдайда еркін және белсенді ойлайтын, тәрбие мен білім беру процесін модельдейтін, оқыту



мен тәрбиелеудің жаңа идеялары мен технологияларын өз бетінше ұсынып және оқу үрдісіне енгізетін болашақ мұғалімнің құзыреттілігі кәсіби деңгейін көтеру өзекті мәселе. Қазіргі түлек белгілі бір мамандық бойынша халықаралық талаптарға сай болуы керек, яғни еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу. Біріншіден, кәсіби сауатты ұстаз оқу-тәрбие жұмысының барысында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға оң әсер етеді; екіншіден, ол өзінің кәсіби қызметінде ең жақсы нәтижеге жетеді; үшіншіден, ұстаз өзінің кәсіби мүмкіндіктерін жетілдіруді іске асырады. Теориялық және практикалық дайындығының бірлігін қамтамасыз ететін кәсіби іс - әрекеттер жүйесі ретінде кәсіби моделін ұсынудың тиімділігі жоғары. Кәсіби маман ретінде модельдер аясында мұғалімнің тұлғасы қалыптасады. Бұл педагогикалық іс-әрекет процесін анықтауға мүмкіндік береді, бұдан мұғалімнің әлеуметтік және кәсіби позициясы дамиды және көзқарасы жақсарады, таңдаған мамандығы бойынша біліктілігі жетіледі, шеберлігі қалыптасады. Мақалада биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру мақсатында құрастырылған құрылымдық-мазмұндық модельді оқу үрдісінде қолдану және оның тиімділігі талданылған.

**Тірек сөздер:** кәсіби дайындық, модель, құзыреттілік, біліктілік, қоңыр тат, фитопатология, құрылымдық – мазмұндық репродуктивтілік, қалыптастыру

### **Кіріспе**

Модельдеу ғылыми зерттеудің ең өзекті әдістерінің бірі болып табылады, педагогикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Мұғалімдердің сабақты жоспарлау процесінде педагогикалық модельдеу ұғымымен жиі кездеседі. Модельдеу әдісі педагогикалық зерттеулерде эмпирикалық және теориялық ұғымдарды біріктіруге мүмкіндік береді – педагогикалық объектіні зерттеуде экспериментті, логикалық құрылымдар мен ғылыми абстракцияларды біріктіреді. Бұл жүйе көмегімен күрделі қарапайымға, белгісіз белгіліге келтіріліп оқытылады, яғни, кез келген күрделі объектіні мұқият және жан-жақты оқып білу мүмкіндігі туады [1, 2].

Әртүрлі білім беру салаларының зерттеу жұмыстарында педагогикалық модельдеу ережелері қарастырылған. В.И.Михеев [3], С.В.Звонарев [4], Е.Е.Сапогова [5] және басқада ғалымдар әртүрлі педагогикалық объектілерді модельдеуде қолданылатын тұжырымдамалық ережелерді бірнеше кезендерге бөліп көрсеткен. Бұлар: модель құру мәселесінде талданатын объектінің қызметін, оның білім беру жүйесіндегі орны мен рөлін анықтау; максималды функционалдық толықтығы бар зерттелетін объектінің құрылымының түпкілікті құрамдас бөліктерінің жүйесін құру; функционалдық жиынтықтар жүйесінен негізгі (статикалық) түпкілікті құрамдастарын анықтау; жүйенің құрамдас

бөліктерінің (логикалық, функционалды, семантикалық, технологиялық және т.б.) қатынасын орнату; зерттеу объектісінің динамикасының моделін жасау.

Жобалау және модельдеу процестері педагогикалық процестерді зерттеумен, оларды жетілдіру және жаңарту (білім берудегі белгілі бір жаңа тәсілдерді сынау; білім беру жүйесі мен оның институттарының дамуын қамтамасыз ететін инновациялық процестерді белсендіру және т.б.) қажеттілігімен байланысты [6]. Педагогикалық модельдеу көбінесе құрылымдық және функционалды үлгілерді талап етеді, зерттеу объектісі оның құрамдас бөліктерін, элементтерін, ішкі жүйелерін қамтитын біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Жүйенің бөліктері құрылымдық қатынастар арқылы байланысады [7, 8]. Қандай да бір педагогикалық модельді құру процесі бірнеше кезеңдерден тұрады. Модельдеу процесінің алғашқы кезеңі модельдеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін таңдау, зерттеу тақырыбын «идеалды» жағдайдың болжау ретінде сапалы сипаттау, екінші кезеңі модельдеу міндеттерін қалыптастыру, үшінші кезеңі зерттелетін педагогикалық объектінің негізгі элементтері арасындағы байланысты нақтылаумен модель құру кезеңі. Мұнда модельденген объектінің параметрлері анықталады. Төртінші кезеңде зерттеу мәселелерін шешудегі модельдің мүмкіндіктері нақтыланады, ал бесінші кезеңде педагогикалық практиканы қайта құру жобасы жасалынады [9].

Модельдерді құру процесі ғылымдарды дамыту процесі сияқты үздіксіз. Көрнекі модельдер оқу үрдісі барысында жиі қолданылады. Модельдер студенттерге тікелей қабылдау үшін қол жетімді емес, объектілер мен процестерді көзбен елестетуге көмектеседі.

### **Негізгі ережелер**

Модель қызметі маңызды сипаттамалар мен ішкі құрылымды көрсетеді.

Модель (*modulus*) – өлшем деген мағынаны білдіреді. Яғни модель деген белгілі бір зерттелетін объекті немесе сурет, кескін, сызба, график түріндегі материалдық нысанда жасалған шартты үлгі (сурет, диаграмма, сипаттама т.б.).

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу материалдары ретінде бидай қоңыр таты спорасы, ақпараттық құралдар пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеу әдісіне эмпирикалық: педагогикалық бақылау, диагностика, эксперименттік жұмыс; болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалды моделін құру әдістері пайдаланылды [10].

### Нәтижелер және талқылау

Биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделін әзірлеу мақсатында біз жалпы педагогикалық процесті модельдеуге қатысты жұмыстарға талдау жасадық. Нәтижесінде біз мақсатына байланысты модельдеудің бірнеше түрлері бар екенін қарастырдық. Мысалы, модельдейтін нысанның сипатына, деңгейлеріне байланысты: заттық, математикалық, белгілік, ойша құрылымдық модельдеу түрлері болып жіктеледі. Атқаратын лауазымына байланысты: үлгі-модельдер, орын басушы модельдер болып жіктелетіндігі белгілі болды. Бірінші болжам, объектінің және құбылыстың қажетті күйін көрсетеді, екіншісі объектілердің нақты күйін жазады және олармен жұмыс жасау кезінде алынған нәтижені көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде теориялық талдаулар мен тәжірибелерді ескере отырып, биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделі жасалды. Бидай қоңыр татын теориялық-практикалық зерттеу жұмыстарына негізделген (талдаулар мен жүргізілген тәжірибелерді) кәсіби біліктілікті қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделі – мақсаттылық, мазмұнды – ұйымдастырушылық, әдіс, кезеңдер және нәтижелік бағалау блоктардан және мотивациялық, мазмұндық, рефлексивтік-бағалаушылық компоненттерден тұрады (сурет 1).

**Мақсаты:** Бидай қоңыр татын теориялық және практикалық зерттеу негізінде биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру

#### Педагогикалық шарттары

Кәсіби біліктілікті қалыптастыруда биолог мұғалімдердің танымдық белсенділігі іс-әрекеттерінде теориялық білімдерін практикада іс-жүзінде пайдалана білуі, дағдылануы; студент және мұғалім жүйесіндегі диалогтық оқыту, ситуациялық оқытуды іске асыру.

#### Биолог мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін қалыптастырудың мазмұны

##### Міндеті:

Биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда теориялық тұрғыда негізделген тұжырымдамаларын, тәжірибелік – әдіснамалық бағыта тексеріп, ғылыми болжамды дәлелдеу

##### Теориялық негіздері:

Теориялық тұжырымдар, тұлға теориясы, субъективтік теориясы, когнитивтік теориясы.

##### Тәжірибелік бағыты

Биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда тәжірибелік жұмыстың әдістерін қолдана алу, нәтижелерін дұрыс бағалай білу, топта бірлескен жұмыстың тиімді жолдарын іздестіре алу.

#### КОМПОНЕНТТЕР

##### Мотивациялық компонент


Биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптасуы үшін кәсіби білім, білік және дағдыларды меңгерген, жоғары кәсіби мотивацияға ие, шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығы қалыптасқан әрі бәсекеге қабылетті маман болуы тиіс.

##### Мазмұндық компонент

Мәселені, объектіні, тақырыпты, зерттеу мақсаттарын, жұмыстың ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңызын ашады; нәтижелердің дәйектілігін негіздейді.

##### Рефлексивтік-бағалаушылық компонент

Биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру арқылы, «субъективтілікке» ауысуы.



Сурет 1 – Биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудың құрылымдық – мазмұндық моделі

Мақсаты – Бидай қоңыр татын теориялық және практикалық зерттеу негізінде биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудан тұрады. Педагогикалық шарттары кәсіби біліктілікті қалыптастыруда биолог мұғалімдердің танымдық белсенділігі іс-әректтерінде теориялық білімдерін практикада іс-жүзінде пайдалана білуі, дағдылануы; студент және мұғалім жүйесіндегі диалогтық оқыту, ситуациялық оқытуды іске асыру.

Мазмұнды блокта биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудың міндеті, теориялық негіздері мен тәжірибелік бағыты, мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық компоненттер сипаты, байланыстары талданылған. «Паразитология», «Ботаника» элективті пәнінің бағдарламасы және «Микофитопатологиялық зерттеулер негізінде биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастыру» атты оқу - әдістемелік нұсқаулығы даярланған.

Болашақ биология мұғалімдердің кәсіби біліктілігін қалыптастырудағы мазмұндық компонент теориялық және практикалық блоктармен, яғни бірыңғай педагогикалық процесс заңдарына негізделген білім жүйесімен, дидактикалық біліктіліктер мен функционалдық сауаттылық қабілеттері туралы білім жүйесімен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мүмкіндіктерін жедел іске асырумен сипатталады [11].

Рефлексивті бағалау компоненті – бұл өз іс-әрекетінің жетістіктері мен кемшіліктерін талдау және бағалау қабілетінің, педагогикалық қызметті бақылау қабілетінің және нәтижесінде диагностикалық әдістерді білудің практикалық көрінісі [12]. Биолог мұғалімдердің кәсіби біліктілікті қалыптастыруда жоғарыда аталған компоненттер шартты қисынды өлшемдерді іріктеудің негізіне айналды.

Мотивациялық компонент – бұл биология пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін қалыптастыруда мотивациялық-құндылыққа қатысты танымдық, әлеуметтік мотивтердің болуы дегенді білдіреді. Бұл келесі

критерийлерге ие: ілім және таным туралы деректерді жинау, өңдеу, түсіну дағдысы; білімі беру субъектілерінде мақсаттың болуы, әлі беймәлім әрекеттерді шешудегі жауапкершілікті сезіну; кәсіби біліктілікті қалыптастыруда басталғалы тұрған істің алынатын нәтижесіне субъектінің даярлығы; оқу қызметіндегі инновациялық ресурстарды белсендендіру, жүзеге асыра алу шеберлігі».

### **Қорытынды**

Жалпы модельдің мазмұны – әлеуметтік тапсырысқа ие, заманауи талабына сай маман даярлауда мақсатқа қол жеткізуге, педагогикалық ЖОО студенттерінің кәсіби біліктілігін қалыптастыру міндеттерді шешуге бағдарланған. Сонымен қатар, қазіргі әлемнің құндылық-нормативтік негіздерін меңгеруіне; әлеуметтік-маңызды қызметке ұмтылысын және дайындығын дамытуға; жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке кеңістікті ұйымдастыруға қабілеттілігіне және жеке жауапкершілікті сезінуіне негізделген.

Модельді құрастыру кезінде зерттеу әдістеріне студенттің танымдық белсенділігін, оқу-танымдық іс-әрекетінің сипаттамасын көрсететін – ақпараттандыру әдісі, бидай қоңыр татын кешенді зерттеуге мүмкіндік беретін интегралды әдіс және жаһандық өзекті мәселелердің тиімді шешімін табуға негізделген проблемалық оқыту әдісі пайдаланылды.

Сонымен, жоғарыда келтірілген мұғалімнің кәсіби маман ретінде қалыптасуы модельдері аясында мұғалімнің тұлғасы қалыптасады, педагогикалық іс-әрекет процесін анықтауға мүмкіндік болады, мұғалімнің әлеуметтік және кәсіби позициясы дамиды және көзқарасы жақсарыды, таңдаған мамандығына біліктілігі жетіледі, шеберлігі қалыптасады.

Кәсіби іс-әрекеттегі негізгі функцияның бірі конструктивтік және зерттеушілік функция дидактикалық жүйелерге негізделген теориялық және тәжірибелік модельдерді құруда оқытушының шығармашылық іс-әрекетімен байланысты. Конструктивтік – қызмет алдын ала болжам негізінде оқу-тәрбие іс-әрекетінің мазмұнына сәйкес жобалау мен рәсімдеуді ұйымдастыруды қарастырады. Бұл функцияның зерттеушілік жағы студенттерді ақпараттандырудан, алған білімдерін жинақтатудан, ғылыми негізде талдаудан, тәжірибе және мониторинг жүргізуден тұрады. Бұл функция студенттерге меңгеруі тиіс оқу материалының мазмұнын таңдауға мүмкіншілік береді және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді; студенттердің ақпаратты игеруін, іс-әрекеттерін жобалайды. Әдістемелі инновация әдіс-тәсілдерді меңгеруден, оқу үрдісінде қолдану шеберлігінен, сабақты оқытуда әдістемелермен қамтамасыз етуден, рефлексия жасаудан және зерттеу жұмысын шығармашылықпен орындаудан құралған. Ұйымдастырушылық және коммуникативтік функцияда алдымен сабақтың мақсатын анықтап, нақтылау қажет.

Келесі мақсатқа жетуге міндеттер, негізгі мәселелерді белгілеу, жүйелеу және үйлестіру қажет. Оқытушының коммуникативті дағдыларын оның педагогикалық іс-әрекетінің шарты ретінде қарастыру керек. Бұл мәні бойынша оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың көп қырлы және көп жоспарлы процестің түрі. Коммуникатив оқытушының іскерлігін көрсететін кәсіби шеберлігі. Бұл педагогикалық қарым-қатынас функциялары қойылатын талаптардың мазмұнын құрайды, педагогикалық іс-әрекеттің орындалуын қамтамасыз етеді, кәсіби-коммуникативтік мәдениетінің деңгейін көрсетеді.

Өзін-өзі жетілдіру функциясы оқытушының өзін-өзі кәсіби маман ретінде кемелдендіруі, оқытушы, білім алушы замануи талабына сай өзіне қойылған шарттар мен талаптарға сәйкес жетіліп, дамуы. Бұл білімді, зерттеу әдістерін толық, жан-жақты меңгеру, ұйымдастыра білумен қатар іс-жүзінде жүзеге асырып, дамытудан, өзекті мәселелердің тиімді шешемін таба білуден, үздіксіз теориялық және практикалық ізденістен тұрады.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Дворецкая Ю.Ю. Личностные особенности специалистов с разным уровнем профессиональной мобильности //Человек. Сообщество. Управление: взгляд молодого исследователя. – 2007. - № 4. – С.31-35.

[2] Different models and methods to measure teachers' pedagogical content knowledge //Conference: Science learning and Citizenship. See discussions, stats, and author profiles for this publication at. - Access mode: URL: <https://www.researchgate.net/publication/281345517> [Date of access: 02.09. 2015]

[3] Михеев В. И. Моделирование и методы теории измерений в педагогике. – URSS, 2010. – 224 с.

[4] Звонарев С.В. Основы математического моделирования: учебное пособие. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2019. – 112 с.

[5] Сапогова Е.Е. Операции моделирования как условие развития воображения у дошкольников //Вопросы психологии. - 1993. - №3. – С.24-31.

[6] Бұлақбаева М.К. Жоғары білім беру жүйесіндегі педагогикалық шығармашылық (). Монография. – Алматы, 2010. – 221 б.

[7] Бердник Н.И. Теоретические и практические вопросы моделирования в школе //Историческая и социально-образовательная мысль. – 2012. - № 1 (11). – С.101-103.

[8] Модернизация образовательного процесса в вузе: сборник научных статей /под общей науч. ред. А.Г. Казаковой и Е. В. Гаймановой. – Москва: МГУКИ, 2013. – 262 с.

[9] Дахин А.Н. Моделирование компетентности участников открытого образования. – Москва: НИИ шк. технологий, 2009. – 292 с.



[10] Годник С.М. Метод построения исследовательского процесса на основе педагогической концепции //Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Проблемы высшего образования. - 2013. - №. 1. – С.44-49.

[11] Кобытова Г.С., Никифорова Н.А. Профессиональное становление личности педагога: проблемное поле и концептуальные модели //Вестник Томского гос. пед. ун-та (TSPU Bulletin). - 2015. - Вып. 1. - №154. – С.9-15.

[12] Санников А.И. Рефлексивность личности, принимающей решения //Психология и образование. - 2014. № 11(10).

### REFERENCES

[1] Dvoretzkaya, YU.YU. Lichnostnyye osobennosti spetsialistov s raznym urovnem professional'noy mobil'nosti (Personal characteristics of specialists with different levels of professional mobility) //Chelovek. Soobshchestvo. Upravleniye: vzglyad molodogo issledovatelya. – 2007. - № 4. – S. 31-35. [in Rus.]

[2] Different models and methods to measure teachers' pedagogical content knowledge //Conference: Science learning and Citizenship. See discussions, stats, and author profiles for this publication at. - Access mode: URL: <https://www.researchgate.net/publication/281345517> [Date of access: 02.09. 2021].

[3] Mikheyev V.I. Modelirovaniye i metody teorii izmereniy v pedagogike (Modeling and methods of measurement theory in pedagogy). – URSS, 2010. – 224 s. [in Rus.]

[4] Zvonarev S.V. Osnovy matematicheskogo modelirovaniya: uchebnoye posobiye (Fundamentals of mathematical modeling: textbook). – Yekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta, 2019. – 112 s. [in Rus.]

[5] Sapogova Ye.Ye. Operatsii modelirovaniya kak usloviye razvitiya voobrazheniya u doshkol'nikov (Modeling operations as a condition for the development of imagination in preschoolers) //Voprosy psikhologii. - 1993. - №3. – S.24-31. [in Rus.]

[6] Bulaqbaeva M.K. Joğarı bilim berw jüyesindegi pedagogikalıq shğarmaşılıq (Pedagogical creativity in the system of Higher Education). Monografiya. – Almatı, 2010. – 221 b. [in Kaz.]

[7] Berdnik N.I. Teoreticheskiye i prakticheskiye voprosy modelirovaniya v shkole (Theoretical and practical issues of modeling at school) //Istoricheskaya i sotsial'no-obrazovatel'naya mysl'. – 2012. - № 1 (11). – S.101-103. [in Rus.]

[8] Modernizatsiya obrazovatel'nogo protsessa v vuze: sbornik nauchnykh statey (Modernization of the educational process at the university: a collection of scientific articles) /pod obshchey nauch. red. A.G. Kazakovoy i Ye.V. Gaymanovoy. – Moskva: MGUKI, 2013. – 262 s. [in Rus.]

[9] Dakhin A.N. Modelirovaniye kompetentnosti uchastnikov otkrytogo

obrazovaniya (Modeling the competence of participants in open education). – Moskva: NII shk. tekhnologiy, 2009. – 292 s. [in Rus.]

[10] Godnik S.M. Metod postroyeniya issledovatel'skogo protsessa na osnove pedagogicheskoy kontseptsii (Method of constructing a research process based on a pedagogical concept) //Vestnik Voronezhskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Problemy vysshego obrazovaniya. – 2013. - №. 1. – S.44-49. [in Rus.]

[11] Korytova G.S., Nikiforova N.A. Professional'noye stanovleniye lichnosti pedagoga: problemnoye pole i kontseptual'nyye modeli (Professional formation of a teacher's personality: problem field and conceptual models) // Vestn. Tomskogo gos. ped. un-ta (TSPU Bulletin).- 2015. - Vyp. 1.- №154. – S.9-15. [in Rus.]

[12] Sannikov A.I. Refleksivnost' lichnosti, primimayushchey resheniya (Reflexivity of the decision-making personality) //Universum: Psikhologiya i obrazovaniye: elektron. nauchn. zhurn. – 2014. -№11(10). [in Rus.]

### **СТРУКТУРНО-СОДЕРЖАТЕЛЬНАЯ МОДЕЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КВАЛИФИКАЦИИ УЧИТЕЛЕЙ БИОЛОГИИ**

\*Тилеубаева Ж.С.<sup>1</sup>, Секерова Т.М.<sup>2</sup>, Айтжанова М.О.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>к.б.н., и.о. доцент Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: tileubayeva\_kz@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: tolganai\_8805@mail.ru

<sup>3</sup>к.б.н., Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: mira\_fn@mail.ru

**Аннотация.** Совершенствование содержания образования, его структурной системы в образовательном процессе в соответствии с современными требованиями является ключевым условием реализации образовательной реформы. Одной из главных задач современного мира является подготовка конкурентоспособного будущего специалиста с качественным образованием и навыками, с целью поднятия современной системы образования на мировой уровень. Это также развитие всесторонне сформированной личности с высокими способностями к саморазвитию, способной внести свой вклад в развитие и процветание страны посредством применения теоретических знаний на практике. Также актуальным в современных условиях является повышение профессионального уровня компетентности будущего учителя, свободно и активно мыслящего, моделирующего воспитательно-образовательный процесс, самостоятельно представляющего и внедряющего в учебный процесс новые идеи и технологии обучения и воспитания. Современный выпускник должен соответствовать международным требованиям по

определенной специальности, то есть быть конкурентоспособным на рынке труда. Во-первых, профессионально грамотный педагог положительно влияет на формирование творческих способностей обучающихся в процессе учебно-воспитательной работы; во-вторых, он достигает наилучших результатов в своей профессиональной деятельности; в-третьих, педагог реализует совершенствование своих профессиональных возможностей. Высокая эффективность представления профессиональной модели как системы профессиональной деятельности, обеспечивающей единство теоретической и практической подготовки. В рамках моделей как профессионала формируется личность учителя. Это позволяет определить процесс педагогической деятельности, из которого развивается социально-профессиональная позиция и улучшается видение учителя, совершенствуется его квалификация по выбранной специальности, формируется мастерство.

В статье анализируется применение структурно-содержательной модели в образовательном процессе и ее эффективность, призванная формировать профессиональную квалификацию учителей биологии.

**Ключевые слова:** профессиональная подготовка, модель, компетентность, квалификация, бурая ржавчина, фитопатология, структурно-содержательная репродуктивность, формирование.

## STRUCTURAL AND CONTENT MODEL OF PROFESSIONAL QUALIFICATION OF BIOLOGY TEACHERS

\*Tileubayeva Zh.S.<sup>1</sup>, Sekerova T.M.<sup>2</sup>, Aitzhanova M.O.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>c.b.s., acting associate professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: tileubayeva\_kz@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: tolganai\_8805@mail.ru

<sup>3</sup>c.b.s., Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: mira\_fn@mail.ru

**Abstract.** Improving the content of education, its structural system in the educational process in accordance with modern requirements is a key condition for the implementation of educational reform. One of the main tasks of the modern world is to prepare a competitive future specialist with high-quality education and skills, in order to raise the modern education system to the world level. It is also the development of a comprehensively formed personality with high abilities for self-development, able to contribute to the development and prosperity of the country through the application of theoretical knowledge in practice. Also relevant in modern conditions is the improvement of the professional level of competence of the future teacher, who is free and actively thinking, modeling the educational process, independently presenting and introducing new ideas and technologies of teaching and upbringing into the

educational process. A modern graduate must meet international requirements in a certain specialty, that is, be competitive in the labor market. Firstly, a professionally competent teacher has a positive effect on the formation of students' creative abilities in the process of educational work; secondly, he achieves the best results in his professional activity; thirdly, the teacher implements the improvement of his professional capabilities. High efficiency of the presentation of the professional model as a system of professional activity that ensures the unity of theoretical and practical training. Within the framework of models as a professional, the personality of the teacher is formed. This makes it possible to determine the process of pedagogical activity, from which the socio-professional position develops and the teacher's vision improves, his qualifications in the chosen specialty are improved, skills are formed.

The article analyzes the use of the structural-content model in the educational process and its effectiveness, designed to form the professional qualifications of biology teachers.

**Keywords:** professional training, model, competence, qualification, brown rust, plant pathology, structural-content reproducibility, forming.

*Статья поступила 14.04.2022*

**ӘОЖ 908(574)**

**МРНТИ 39.03.15**

**DOI 10.48371/PEDS.2022.66.3.006**

## **ОҚУ ПРАКТИКАСЫ - БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ**

**\*Токтагулова У.С.<sup>1</sup>, Карменова Н.Н.<sup>2</sup>**

<sup>\*1</sup>докторант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: toktagulova2105@gmail.com

<sup>2</sup>т.ғ.к., доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: karmenova.nursipa@gmail.com

**Аңдатпа.** Білім берудегі теория мен практиканың өзара байланысы ХХ ғасырдың 80 жылдарының ортасында қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты туындап, педагогика саласының маңызды ұстанымдардың біріне айналып, бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне негіз болды.

Теория мен практиканың өзара байланысы тұжырымдарын педагог ғалымдар М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Краевскийдің дидактикалық мектептері білім берудегі құзыреттілікке жақын, яғни, білім алушылардың

шығармашылық іс-әрекеттері идеяларын ұсынған. Бұл идея бүгінгі күнгі білім берудегі құзыреттілік тәсілге негіз болып, оқу практикалары арқылы жүзеге асырылуда. Құзыреттілік тәсілдің білім, білік дағдылардан айырықша ерекшелігі олар білім берудің нәтижесі ретінде іс-әрекет арқылы көрініс табады. Оқу практикасында білім алушылар теориялық білім, білік, дағдыларды меңгерумен қатар, олар кәсіби міндеттерін сапалы түрде орындау үшін бағдарлама материалдарын оқып-үйренуді ұйымдастыру тәсілдеріне бара-бар іс-әрекетті меңгеру және оны жүзеге асыру негізінде білім беру жағдаяттарын біртұтас модельдей алады. Бұл өз кезегінде білім алушыларды алған білімдерін өздігінен шығармашылықпен қолдануға үйретеді.

ЖОО-ғы заманауи оқу үдерісінде оқу практикасы педагогикалық үрдістің біртұтас бөлігі ретінде болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық даярлығының бірлігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы географиядан оқу практикасы - білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Оқу практикасы оқыту үдерісінде теория мен практиканы байланыстыра отырып, іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асырудың бірден-бір жолы. Өйткені, практикамен бекітілмеген немесе дәлелденбеген теория кез-келген сұрақтарға дұрыс жауап бере алмай, өзінің негізгі мән-мағынасын жоғалтатыны мәлім, ал теориялық негіздемесі жоқ практиканың тиімді әрі мақсатқа бағытталған болуы да мүмкін емес. Оқу практикасынан өту кезінде білім алушы мамандықты дұрыс таңдағанын, өзінің тұлғалық қабілеттерінің болашақ мамандығымен үйлесімділік деңгейін анықтайды, өйткені, оның кәсіби әрекеті практика барысында жетіледі. Сондықтан білім беру жүйесінің алдында оқытудың практикаға-бағдарланған тәсілін жүзеге асыру арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қойылып отыр. Болашақ мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекетке практикалық дайындығы оқу-тәрбие жұмысы үрдісінде педагогикалық міндеттерді шешу үшін қажетті педагогикалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. Мақалада географиядан оқу практикасы арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру іс-әрекеттік тұрғысынан талқыланады.

**Тірек сөздер:** білім беру, оқу үдерісі, оқу практикасы, оқу іс-әрекеті, оқытудың практикаға-бағдарланған тәсілі, теория мен практиканың байланысы, болашақ мұғалімдердің практикалық даярлығы, білім алушының тұлғалық қабілеті, кәсіби құзыреттіліктер.

### **Кіріспе**

Педагогикалық іс-әрекетке даярлықтың ерекшелігі - білім алушылар жоғары білім алғаннан кейін оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырушы ретінде мұғалімнің барлық қызметтерін өз бетінше орындауы тиіс. Қазіргі ғылыми зерттеулерде заманауи мұғалімнің білім, білік, дағдыларымен қатар,

нақтылы оқу-тәрбие мәселелерін шеше алу қабілеттерін сипаттайтын педагогикалық техниканы меңгеруі бүгінгі күннің талабы болып отыр. Ол педагогикалық әдебиеттерде «білім, білік және дағды кешендерін практикада тиімді қолдану құралы» ретінде қарастырылып, түсіндірілуде [1]. Сондықтан оқу практикасы болашақ мұғалімдер үшін оларға бағыт-бағдар беруші бірден-бір тәжірибе деуге болады. Оқу практикасы кезінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға, сондай-ақ, жеке пәнді оқыту арқылы алған теориялық білімін практикада қолдануға мүмкіндік туады.

### **Негізгі ережелер**

Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасында практиканың келесі түрлері қарастырылған:

- білім алушылардың бастапқы практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу практикасы;

- мамандық бойынша білім алушылардың жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға, практикалық тәжірибе алуға бағытталған кәсіптік модульдер шеңберінде жүзеге асырылатын өндірістік практика;

- білім алушының бастапқы практикалық тәжірибесін тереңдетуге, жалпы және кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру мен болашақ маман ретінде кәсіби қызметті жүзеге бағытталған диплом алдындағы практика [2].

Аталған практика барысында білім алушылар теориялық білімді бекіте отырып:

- өзінің кәсіби білімі мен іс-әрекетін жүзеге асыруға;
- біртұтас педагогикалық процеске белсенді араласуға;
- педагогикалық имиджін (кәсіби мамандығын жан-жақты меңгеру, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөлену) қалыптастыруға мүмкіндік алады. Өйткені, бүгінгі таңда жоғары білім берудің басты міндеттерінің бірі кез-келген өмірлік жағдаяттарда кездесетін проблемаларды шешудің бірнеше жолын таба алатындай деңгейдегі түлекті даярлау болып табылады.

Оқу практикасы арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың ерекшелігі, білімді «дайын» күйінде меңгеруден «іс-әрекет» арқылы меңгеруінде. Оқу практикасының мазмұнын таңдау кезінде оқытушылар болашақ маманнан қалыптастырылуы тиіс кәсіби дағдылардың тізбесін басшылыққа алады.

Практиканың барлық түрлері білім беру, дамыту және тәрбие функцияларын атқара отырып, заманауи білім берудің инновациялық әдіс-тәсілдерін кәсіби қызметі мен өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен қолдану қабілеттері қалыптасқан мамандарды даярлауға бағытталған.



Практика арқылы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін Т.С.Сабыров, В.А.Радионова, Б.Р.Айтмамбетова, А.Е.Әбілқасымова, К.Әбдімажитұлы, К.І.Аманқұлов және т.б. қазақстандық ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады [3]. Сонымен қатар шетелдік ғалымдар М.Х.Ахиллова, М.Х.Неъматова, С.Х.Мамаджонов болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды [4], Е.В.Белик педагогикалық практикада зерттеуді жүзеге асырудың негізгі бағыттарын [5], С.Г.Гусева оқу және педагогикалық практиканың болашақ мамандықты таңдаудың басты факторларын зерттеген [6, 7].

Практика оқу үдерісінде тұлғаға-бағдарланған және құзыреттілік тәсілдерді қолданудың тиімділігін көрсететеді. Тұлғаға-бағдарланған тәсіл, ең алдымен, тұлғаның даралығын, оның мүмкіндіктері мен қабілеттерін оқытушы ретінде, екіншіден, оған білім беру үдерісінің субъектісі ретінде қарауды қарастырады. Осыған орай, қазіргі заманғы кәсіптік білім беру оқу үдерісінде құзыреттілік тәсілді қолдануды талап етеді.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Оқу практикасы арқылы болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру, практика арқылы зерттеуді жүзеге асыру туралы іргелі ұстанымдар зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін құрайды.

Оқу практикасы оқыту үдерісінде теория мен практиканы байланыстыра отырып, оқу мен ғылыми зерттеулерді кіріктірудің жаңа педагогикалық инновациялық технологияларын белсенді қолданады. Оқу практикасын ұйымдастырудың ерекшелігі теория мен практиканың ұштасуында. Оқу практикасының ғылыми әдісінің элементтерін теория, оқыту ілімдерінің ғылыми зерттеу әдіснамалары мен практиканы зерттеу әдістері құрайды.

### **Нәтижелер**

Құзыреттілік тәсіл тұрғысынан заманауи білім беру мазмұны мен оқыту нәтижелері жаңа бағытқа бет бұрды. Құзыреттілік тәсіл – бұл оқытуды ұйымдастыру мен жүзеге асыруда іс-әрекетке бағытталған тәсіл. Бұл дәстүрлі білім беру тәсілдеріне балама болып табылады, құзыреттілік тәсілдің ұстанымдарына сәйкес оқу практикасы кезінде біз білім алушыларға нені үйреткіміз келетініне назар аударамыз. Осылайша, білім алушылардың оқу практикасы барысында игеруі қажет құзыреттіліктері анықталады. Құзыреттерді тұжырымдау нақты дағдыларды да, жалпы құзыреттерді де немесе оқу практикасы барысында болашақ мұғалімдер дамытуы тиіс икемді дағдыларды да қамтуы тиіс [8]. Сондықтан жоғары білім берудегі оқыту үдерісінде басты міндеттердің бірі білім, білік,

дағдылармен қатар білім мен практиканы кіріктіру арқылы болашақ мұғалімдердің дайындығын дамыту, кәсіби қызметінде практикалық іс-әрекетті жүзеге асыруды меңгеру және т.б. кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды қамтиды.

Жалпы оқу немесе өндірістік практика білім алушылардың педагогикалық кәсіби іс-әрекетінде жүзеге асыруына бағытталған тәжірибе жинақтауына арналған. Осыған орай тиісті мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларында оқу немес өндірістік практика бекітілген оқу жоспарын ескере отырып, оқу орны бекіткен ұйымдарда өтеді.

«Оқу практикасы не үшін қажет?» - деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, білім алушылар оқу практикасы кезінде оқытудың теориялық негіздерімен қатар практикалық іс-әрекетте қажетті құрал-жабдықтармен, технологиялық процестермен, болашақ мамандықтың негіздерімен танысады.

Оқу практикасының құрылымы оқу бағыты мен мақсат-міндеттеріне қарай өзгеріп отырады, мысалы, физикалық географиядан оқу практикасында ландшафтарды зерттеуде: 1) білім алушыларды ландшафтық зерттеу нысандары – түрлі рангтағы табиғи аумақтық кешендермен таныстырады; 2) табиғи аумақтық кешендердің өзара байланысына талдау жасау тәсілдерін көрсетеді; 3) табиғи аумақтық кешендердің ірі масштабты картасы мен профилін құрастыру әдістерін үйретеді [9].

Оқу практикасының өндірістік практикадан ерекшелігі оқу практикасы оқу үдерісінің теориялық негіздерін зерттеуге бағытталған, ал өндірістік практика аясында білім алушылар практикалық дағдыларды игере отырып, жұмыс орындарында практикаға тікелей қатысады.

Оқу практикасының әдістемелік жаңалығы оқу мен оқу-зерттеулерін ұштастырудың жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерін даярлау болып табылады. Оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауда оқу практикасының ерекшеліктерін (теориялық білім, білік, дағдыларды меңгерумен қатар білім алушыларды кәсіби міндеттерін сапалы түрде орындау үшін оларды практикалық іс-әрекетке, алған білімдерін өздігінен шығармашылықпен қолдануға үйрету, т.б.) ескеру маңызды. Сондықтан оқу практикасы арқылы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда проблемалық-ізденіс, оқу-зерттеу, иммитациялық және оқытудың практикалық әдіс-тәсілдерін үйлестіре немесе ұштастыра қолдану оқу практикасының нәтижесін береді.

Оқу практикасын жүргізудегі проблемалық-ізденіс әдістері (теорияны практикалық жүзеге асыруды сипаттайтын оқу материалдарына

практикалық және ситуациялық (жағдаяттық) тапсырмаларды кіріктіре отырып проблемалық сұрақтар қоя білу, эвристикалық әңгіме, оқу-практикалық пікірталас, т.б.) білім алушыларды ойлау, практикалық, шығармашылық іс-ірекетке жетелейді, сонымен қатар алған білімдерін оқу практикасында қолдана отырып, тәжірибелік талдау жасауға, өздігінен қорытындылауға үйретеді. Мысалы, экономикалық географиядан «Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдаят» тақырыбын зерделеуде Қазақстанның демографиялық көрсеткіштері мен демографиялық жағдаятын мысалға ала отырып салыстырмалы талдау жасалады. Ол үшін алдымен, білім алушыларға Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты және одан демографиялық сипаттамаларды табу тапсырмасы беріледі. Ары қарай оқытушы мазмұнға қатысты нақтылы проблемалық сұрақтар құрастырады (1-кесте).

Кесте-1. Демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдаят

<i>№</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Дүние жүзі</i>
<i>Сипаттамасы / проблемалық тапсырмалар</i>		
1.	Демография халық санын, аумақтық орналасу мен құрамын және әлеуметтік, экономикалық сондай-ақ биологиялық және географиялық факторлар негізінде оның өзгерістер заңдылықтарын зерттейді. Қазақстанның демографиялық жағдайына қатысты тенденцияларды анықтау?	Әлемдегі демографиялық жағдайға сипаттама бере отырып, оның әлеуметтік және экономикалық процестерге әсерін анықтау?
2.	Қазақстан халқының саны бүгінгі таңда 19 309 331 адамды құрайды. Қалай ойлайсыңдар, Қазақстан аумағының жер көлеміне шаққанда бұл сан көп немесе аз ба?	2011 жылы БҰҰ есептері бойынша жер бетінде 7 миллиард тұрғын пайда болды. Бұл біздің планетамыз үшін көп пе, жоқ па немесе халық санының артуы Жер ғаламшарына қандай қауіп төндруі мүмкін?

3.	Демографиялық статистиканың негізгі көрсеткіштеріне: халықтың саны мен құрамының көрсеткіштері, туғандар мен қайтыс болғандардың саны, неке, ажырасу, елге келгендер мен кеткендер саны, сондай-ақ ел ішінде және оның аймақтарында келушілер мен кетушілер саны кіреді. Статистикалық көрсеткіштер негізінде Қазақстан халқының аумақтар бойынша құрамын анықтау.	Демографиялық проблемалар алуан түрлі, соның бірі әлемдегі халық санының өсуі. Әлем елдері бойынша халықтың қоныстануы мәселелерін қалай шешуге болады?
Коронавирус ауруының пандемиясы 2019 жылы, желтоқсан айының ортасында орталық Қытайда орналасқан Хубэй провинциясына кіретін Ухань қаласында анықталған.		
4.	Қазақстандағы COVID-19 пандемиясы елдің демографиялық жағдайына қалай әсер етті?	COVID-19 пандемиясының дүние жүзі елдерінің демографиялық жағдайына әсер қандай?

Кестеде берілген демографиялық көрсеткіштер және демографиялық жағдаяттарға қатысты проблемалық тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар өздеріне «беймәлім» проблеманы шешуге жұмылады, іздену, зерттеу жұмыстарына төселеді, алған білімді жаңа мақсатқа пайдалану дағдылары қалыптасып, өздігінен оқуға үйренеді.

Оқу практикасында арнайы зерттеу тапсырмалары, оқу тақырыбы бойынша проблемалық мәселелер, теориялық материалды жинау немесе эмпирикалық зерттеу тапсырмалары білім алушылардың оқу-зерттеу іс-әрекеттерін өздігінен жүзеге асыру мен оның нәтижелерін қорытындылау біліктері мен қабілеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ал оқу практикасы кезеңіндегі имитациялық әдістер: а) нақты өндірістік жағдайлар мен міндеттерді талдау; ә) жағдаяттық шешімдер; б) практикалық тапсырмалар; в) дайын нұсқаларды талқылау және т.б кәсіби педагогикалық дағдылар мен оқытуды көздейтін және кәсіптік қызметті модельдеумен байланысты жоғары буын маманының талдамалық сипаттағы міндеттерді шешу қабілетін, оның өндірістік жағдайды тұтастай және егжей-тегжейлі қарау, бағалау білігін осы талдау негізінде дұрыс шешім қабылдай отырып қалыптастырады [10].

Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында ЖОО оқыту үдерісінде білім мен практиканы кіріктіру арқылы болашақ мұғалімдердің дайындығын дамыту, кәсіби қызметінде практикалық іс-әрекетті жүзеге асыруды меңгеру сияқты кәсіби құзыреттерді қалыптастыру жан-жақты талданып, оқу практикасында арнайы тапсырмаларды имитациялық әдістер арқылы бағалау көрсеткіштері анықталды.

Кесте-2. Оқу практикасында арнайы тапсырмаларды иммитациялық әдістер арқылы бағалау

№ р/с	Имитациялық әдістер	Тапсырма түрлері	Құзыреттілік- тер	Баға- лау (балл)
1.	Педагогикалы- өндірістік жағдайлар мен міндеттерді тал- дау.	- оқу практикасы тап- сырмаларын анықтау; - оқу практикасы бой- ынша проблемалық	Білім мен прак- тиканы кіріктіру арқылы болашақ мұғалімдердің	
2.	Оқу практика- сына қатысты нақты жағдаяттық шешімдер қабылдау.	мәселелер қоя білу; - теориялық немесе эмпирикалық зерт- теу материалдарын	д а й ы н д ы ғ ы н дамыту, кәсіби қ ы з м е т і н д е практикалық іс- әрекетті жүзеге асыруды меңгеру	
3.	Практикалық тапсыр- маларды іріктеу.	жинақтау; - оқу- зерттеу іс-әрекеттері;		
4.	Оқу практикасының дайын нұсқаларын талқылау.	- өздігінен жүзеге асы- ру және нәтижелерін қорытындылау.		

*Ескерту:* Оқу практикасында арнайы тапсырмаларды иммитациялық әдістер арқылы бағалау көрсеткіштері зерттеудің келесі кезеңдерінде анықталады.

Практикалық оқыту әдістері кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде білім алушылардың тапсырмаларды өздері орындауын қамтамасыз етеді.

### Талқылау

Оқу және өндірістік практика білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы ретінде оқу және өндірістік практикадан өткеннен кейін білім алушыларда кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің артқандығын көрсетті.

Оқу практикасы білім алушылардың жалпы кәсіби құзыреттерді қалыптастырады, ал өндірістік практикада жалпы кәсіби құзыреттер дамып, мұғалімнің оқыту іс-әрекетіне дайындығы қалыптасады. Өйткені, өндірістік практикада тәжірибе алмасу барысында алынған практикалық дағдылар болашақ мұғалімнің оқу үдерісіндегі іс-әрекетті, кәсіби міндеттерді жақсы түсінуіне ықпал етеді.

Практиканы ұйымдастыра отырып әрбір білім алушыларды кәсіби іс-әрекетке даярлаудың тұлғаға бағдарланған шығармашылық сипатын қамтамасыз ету бүгінгі күннің талабы. Педагогикалық ортада тәжірибе барысында алынған практикалық дағдылар болашақ мұғалімнің іс-

әрекеті, алдағы кәсіби міндеттері туралы жақсы түсінуге ықпал етеді.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, оқу практикасы білім алушының педагог болудағы кәсіби құзыреттерінің қалыптасуының маңызды кезеңі.

Оқу немесе өндірістік практикадан өту кезеңінде болашақ мұғалімдердің педагогикалық үлгісі қалыптасып, болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі педагогикалық қызметті ары қарай жалғастырудың жолы айқын көрінуі тиіс.

Кәсіби құзыреттерді қалыптастыру оқу мен практиканың кіріктірілуімен тікелей байланысты. Зерттеу барысында білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруда, алдымен олардың теориялық даярлығына мән беру қажеттігі анықталды. Ол үшін оқу үдерісінде тұлғаға-бағдарланған, құзыреттілік тәсілдерді ұстана отырып, заманау педагогикалық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың мүмкіндіктері мен қабілеттерін ашу маңызды.

Сонымен оқу практикасының білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда мүмкіндігі зор, ол білім алушылардың қоғамдық және білім беру ұйымдарымен өзара қарым-қатынасы арқылы білім сапасын арттыру, өз бетінше ізденіс, білім алу, тұлғалық өсу кәсіби іс-әрекеттерінен көрініс табады.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Арзамасцева Н.Г., Курочкина Л.В. Учебная практика как условие формирования профессиональных компетенций студентов //Вестник Марийского государственного университета. - 2020. - Т. 14. - №1. - С.11-17. - Режим доступа URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchebnaya-praktika-kak-uslovie-formirovaniya-professionalnyh-kompetentsiy-studentov> [Дата обращения: 10.03.2022].

[2] 6B01510-«География» Білім беру бағдарламасы. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. - Алматы, 2021. - 32 б.

[3] Балабаева А.И. Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру. Оқу құралы, - Алматы, 2019. - 187 б.

[4] Ахлиллоев Т. Формирование профессиональной компетенции будущих педагогов в условиях вузовского образования //Известия ВУЗов Кыргызстана. - 2018. - №15. - С. 121-124. - Режим доступа URL: <http://science-journal.kg/ru/journal/2/archive/11982> [Дата обращения: 15.03.2022].

[5] Белик Е.В. Основные направления реализации исследовательского потенциала педагогической практики //Проблемы современного педагогического образования. - 2020. - №69-1. - С. 76-79.

[6] Гусева С.Г. Учебная и педагогическая практика как ключевые факторы выбора будущей профессии //Конструирование педагогической заметки. - 2018. - №6-1(9). - С. 136-161.



[7] Скрыбина А.Г. Учебная практика как средство формирования педагогической компетентности обучающегося педагогического отделения /А.Г. Скрыбина, А.В. Иванова //Глобальный научный потенциал. - 2020. - №11(116). - С.188-190.

[8] Печеркина А.А. Развитие профессиональной компетентности педагога: теория и практика: монография. Урал. гос. пед. ун-т. – Екатеринбург, 2011. – 233 с.

[9] Tomcikova I. and I. Rakytova /European Journal of Geography 9 1 49-61 (2018). - Access mode: URL: <https://scholar.google.com/citations?user=oDyY5J0AAAAAJ&hl=ru> [Date of access: 18.03.2022].

[10] Рудакова А.А., Зайцева А.С. Элективные курсы «Учебная практика» и «Производственная практика» как средство формирования профессиональных компетенций школьников //Педагогика и просвещение. - 2021. - №1, - С. 1-13. - Режим доступа URL: [https://nbpublish.com/library\\_read\\_article.php?id=34545](https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=34545) [Дата обращения: 18.03.2022].

[11] Линда Дарлинг-Хаммонд, Лиза Флук, Чанна Кук-Харви, Бриджит Бэррон & Дэвид Ошер. Значение для образовательной практики науки обучения и развития //Прикладная наука о развитии. Том 24, 2020 г. - Выпуск 2. - С. 97-140.

## REFERENCES

[1] Arzamastseva N.G., Kurochkina L.V. Uchebnaya praktika kak uslovie formirovaniya professional'nykh kompetentsii studentov (Educational practice as a condition for formation of students' professional competencies). //Vestnik Mariiskogo gosudarstvennogo. - 2020, -Vol. 14, №1. - ss. 11-17. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/uchebnaya-praktika-kak-uslovie-formirovaniya-professionalnyh-kompetentsiy-studentov> [Data obrasheniya: 10.03.2022. [in Rus.]

[2] 6B01510-«Geogriya» Bilim beru bagdarlamasy (Educational program 6B01510-«Geography»). Kazakh ulttyk kyzdar pedagogikalyk universiteti. - Almaty, 2021, - 32 b. [in Kaz.]

[3] Balabaeva A.I. Pedagogikalyk praktikada studentterdin kasibi bagyttylygyn kalypastyru (Formation of professional orientation of students in pedagogical practice). Oku kuraly, - Almaty, 2019. - 187 b. [in Kaz.]

[4] Akhilloev T. Formirovanie professional'noi kompetentsii budushikh pedagogov v usloviakh vusovskogo obrazovaniya (Formation of professional competence of future teachers in the conditions of university education) /T. Akhilloev, M.Kh. Nematva, S.Kh. Mamadzhанov //Izvestiya VUZov Kyrgyzstana. - 2018, - №. 15. - ss. 121-124. URL: <http://science-journal.kg/ru/journal/2/archive/1198> [Data obrasheniya: 15.03.2022]. [in Rus.]

[5] Belik E.V. Osnovnye napravleniya realizatsii issledovatel'skogo potentsila pedagogicheskoi praktiki (The main directions of realization of the research potential of pedagogical practice) //Problemy sovremennogo

pedagogisheskogo obrazovaniya / E.V. Belik, A.V. Ignatova. - 2020, - № 69-1. - ss. 76-79.

[2] Struktura İKT-kompetentnosti uchitelei. Rekomendatsii YUNESKO. – Yunesko, 2011.– 106 s. URL: <https://iite.unesco.org/pics/publications/ru/files/3214694.pdf> [Data obrashcheniya: 20.01.2022]. [in Rus.]

[3] Gnatyshina E.V. Pedagogicheskie instrumentarii formirovaniya tsifrovoy kul'tury budushchego pedagoga //Vestnik Chelyabinskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. - 2018. № 3. – s. 46-53 [in Rus.]

- [4] Sokolova.N.A. Tsifrovaya kul'tura ili kul'tura v tsifrovuyu ehpokhu // Mezhdunarodnyi zhurnal issledovaniy kul'tury. – 2012. - № 3 (8). - S.6 – 9 [in Rus.]
- [5] Sergeeva.I.L. Transformatsiya massovoi kul'tury v tsifrovoi srede. // Kul'tura i tsivilizatsiya. – 2016. - № 6. - S. 55 – 65 [in Rus.]
- [6] Galkin.D.V. DigitalCulture: metodologicheskie voprosy issledovaniya kul'turnoi dinamiki ot tsifrovyykh avtomatov do tekhnobiotvarey. //Mezhdunarodnyi zhurnal issledovaniy kul'tury. – 2012. - № 3. - S. 11 – 12 [in Rus.]
- [7] Petrov, A.A. Tsifrovizatsiya ehkonomiki: problemy, vyzovy, riski. // Torgovaya politika. – 2018. - № 3 (15). - S. 9 – 31 [in Rus.]
- [8] Zagarskikh.E.YU.,Zagarskikh.YU.A. Primenenie kiberbezopasnosti i ispol'zovanie iskusstvennogo intellekta v meditsine. //Sistemnyi analiz v proektirovaniy i upravlenii. - 2019: - С. 425 – 429. [in Rus.]
- [9] Skryl'. T.V., Paramonov.A.S. Tsifrovaya transformatsiya sfery zdavookhraneniya: rossiiskaya i zarubezhnaya spetsifika //Karel'skii nauchnyi zhurnal. – 2017. - Т. 6. - № 3 (20). - S.137 – 140. [in Rus.]
- [10] Minasyan.N.A. IKT kak sredstvo povysheniya motivatsii uchashchikhsya na urokakh inostrannogo yazyka //Nauchno-metodicheskii ehlektronnyi zhurnal «Kontsept». – 2017. - №8. - S.34 URL: <http://e-koncept.ru/2017/470104.htm> [Data obrashcheniya: 10.03.2022]. [in Rus.]
- [11] Il'yasov.D.F., Selivanova.E.A. Populyarizatsiya nauchnykh psikhologo-pedagogicheskikh znaniy sredy pedagogov obshcheobrazovatel'nykh organizatsiy s ispol'zovaniem metoda kinopedagogiki //Nauchnoe obespechenie sistemy povysheniya kvalifikatsii kadrov. - 2018. - № 2 (35). - S. 5 – 15 [in Rus.]

## ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЦИФРОВОЙ КУЛЬТУРЫ СОВРЕМЕННОГО СПЕЦИАЛИСТА

Жахиена А.Г.<sup>1</sup>, \*Кубегенова А.Д.<sup>2</sup>, Хайруллина А.С.<sup>3</sup>, Кубегенов Е.С.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>магистр, старший преподаватель высшей школы «Информационные технологии», Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Уральск, Казахстан. e-mail: [aizatmail@mail.ru](mailto:aizatmail@mail.ru)

\*<sup>2</sup>магистр, старший преподаватель высшей школы «Информационные технологии», Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Уральск, Казахстан. e-mail: [aigul-03@mail.ru](mailto:aigul-03@mail.ru)

<sup>3</sup>магистр, старший преподаватель высшей школы «Информационные технологии», Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Уральск, Казахстан. e-mail: [Beisova80@mail.ru](mailto:Beisova80@mail.ru)

<sup>4</sup>преподаватель кафедры «Информтика», Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова, Уральск, Казахстан.  
e-mail: [erlando78@mail.ru](mailto:erlando78@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматривается как социальный процесс и актуальная проблема, отражающая важность применения цифровых

технологий в различных сферах жизнедеятельности человека в связи с необходимостью уверенного овладения современными технологиями представителями любой профессии.

В ходе бурного развития науки многие корпорации требуют сотрудников, готовых работать с применением новых технологий на всех уровнях производства, а потребность в сотрудниках, не обладающих специальными навыками, остается далеко позади. Решение этих проблем, безусловно, требует модернизации образовательного процесса.

Как показывает мировой опыт, цифровая культура крайне необходима образовательному процессу. Проанализировав долгосрочный опыт системы образования многих вузов, мы поняли преимущества цифровой культуры. Улучшение качества цифровой культуры в образовании, развитие новых информационных технологий. Для более глубокого понимания понятия цифровой культуры как нового этапа развития общества были рассмотрены исследования, анализ и проведен обзор ученых.

В связи с тем, что конкурентным преимуществом современного специалиста является цифровая культура, в государственной программе «Цифровой Казахстан» рассмотрен и определен ряд терминов, еще мало знакомых цифровым пользователям. Отмечены социальные тенденции, отражающие важность применения цифровых технологий в различных сферах жизнедеятельности человека.

Цифровая культура - приведены сведения о соблюдении человеком цифровой этики, создании контактов с другими пользователями, о том, как предоставлять информацию, работать с данными, обеспечивать информационную безопасность.

Проведен опрос студентов первого курса Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана по специальности, направленный на выявление их осведомленности о цифровых технологиях. Рассмотрены и описаны некоторые виды технологий, описанные в государственной программе «Цифровой Казахстан».

Сделан вывод о важности развития цифровой культуры будущих специалистов для эффективной профессиональной деятельности.

**Ключевые слова:** цифровая культура, цифровые технологии, блокчейн, технологии виртуальной реальности, ценностные аспекты, кибербезопасность, цифровые медиа, цифровые технологии.

## FEATURES OF THE FORMATION OF DIGITAL CULTURE OF A MODERN SPECIALIST

Zhakhiena A.G.<sup>1,\*</sup>, Kubegenova A. D.<sup>2</sup>, Khairullina A. S.<sup>3</sup>, Kubegenov E.S.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Senior Lecturer of the Higher School "Information Technologies",  
Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan,  
Uralsk, Kazakhstan. e-mail: aizatmail@mail.ru

<sup>2</sup>Senior Lecturer of the Higher School "Information Technologies",  
Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan,  
Uralsk, Kazakhstan. e-mail: aigul-03@mail.ru

<sup>3</sup>Senior Lecturer of the Higher School "Information Technologies",  
Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan,  
Uralsk, Kazakhstan. e-mail: Beisova80@mail.ru

<sup>4</sup>Lecturer of the Department of "Informatics", Makhambet Utemisov West  
Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan. e-mail: erlando78@mail.ru

**Abstract.** The article considers both a social process and an actual problem reflecting the importance of the use of digital technologies in various spheres of human activity in connection with the need for confident mastery of modern technologies by representatives of any profession.

During the rapid development of science, many corporations require employees who are ready to work with the use of new technologies at all levels of production, and the need for employees who do not have special skills remains far behind. Solving these problems, of course, requires modernization of the educational process.

As world experience shows, digital culture is extremely necessary for the educational process. After analyzing the long-term experience of the education system of many universities, we realized the advantages of digital culture. Improving the quality of digital culture in education, the development of new information technologies. For a deeper understanding of the concept of digital culture as a new stage in the development of society, research, analysis and a review of scientists were considered.

Due to the fact that the competitive advantage of a modern specialist is digital culture, the state program "Digital Kazakhstan" considers and defines a number of terms that are still little familiar to digital users. Social trends reflecting the importance of the use of digital technologies in various spheres of human activity are noted.

Digital culture - provides information about a person's observance of digital ethics, creating contacts with other users, how to provide information, work with data, and ensure information security.



A survey of first-year students of the West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhanger Khan in their specialty was conducted, aimed at identifying their awareness of digital technologies. Some types of technologies described in the state program “Digital Kazakhstan” are considered and described.

The conclusion is made about the importance of developing the digital culture of future specialists for effective professional activity.

**Keywords:** digital culture, digital technologies, blockchain, virtual reality technologies, value aspects, cybersecurity, digital media, digital technologies.

*Статья поступила 01.09.2022*

**УДК 372.881**

**МРНТИ 14.35.09**

**DOI 10.48371/PEDS.2022.66.3.015**

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚУҒА ДЕГЕН ЖАҒЫМДЫ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*\*Қабдықалымқызы Ә.<sup>1</sup>*

*\*<sup>1</sup>докторант, Әлихан Бөкейхан университеті, Семей, Қазақстан  
e-mail: k.assem81@mail.ru*

**Аңдатпа.** Мақалада ЖОО студенттерінің шетел тілін оқуға деген жағымды мотивациясын қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Мотив және мотивация ұғымдарының ара-жігі ажыратылып, мотивацияның функцияларына сипаттама беріледі. Отандық және шетелдік ғалымдар мотивацияны адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде өзіндік ерекшеліктері бар күрделі көп деңгейлі жүйе ретінде қарастырады. Университеттік білім беру кезеңінде кәсіби ішкі мотивацияның дамуы барлық пәндерді оқуға деген ынтаға әсер етеді, сондықтан оған ерекше назар аудару керек.

Сонымен қатар шетел тілін үйренуге деген жағымды мотивацияның пайда болуының кезеңдері сараланды. Бұл кезеңдер студенттің қай кезеңде екенін анықтауға және соның негізінде оқытушыға тиімді педагогикалық құралдарды таңдауға мүмкіндік береді. Шетел тілін үйренуге қатысты мотивацияның түрлеріне, мотивация құрылымындағы оқу мотивациясының орнына, принциптеріне талдау жасай отырып, ЖОО студенттері үшін шет тілін үйренуге жағымды әсер ететін педагогикалық шарттар кешені анықталды.

Бұл шарттар интеллектуалды және эмоционалды жағдайдың жоғарылауына ықпал етеді, адамның іс-әрекетті нәтижелі орындауына мүмкіндік береді. Проблемалық мазмұны, шығармашылық сипаты және

бәсекеге қабілеттілігі жағдайында тұлғаның мүмкіншіліктері қолданысқа енгізіледі. Бұл жағдайда пайда болатын эмоциялар адамды белсендіреді, белсенділік мотивациясын тудырады және арттырады.

**Тірек сөздер:** шетел тілі, мотив, мотивация, оқу мотивациясы, педагогикалық шарттар, шетел тілін үйрену, инструменталды мотивация, интегративті мотивация.

### **Негізгі ережелер**

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпымәдени дамуында шетел тілі әрекеттік фактор болып табылады. Коммуникациялық және техникалық өзгерістер шетел тілін тұлғарааралық, ұлтаралық, мемлекетаралық және халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде қолдануға алып келді.

Алайда, оның барлық сөзсіз артықшылықтары мен маңыздылығына қарамастан, студенттер көп жағдайда оны оқуға қажетті пән ретінде қарастырмайды, олар кәсіби әрекетте ағылшын тілін қажет етпейді, оның күрделілігін ұнатпайды және т. б. Ағылшын тілі қиын пән болып табылады онф меңгеру үшін көп күш жұмсалуды қажет. Нәтижесінде шет тілін үйренуге деген ынтаның төмендеуі байқалады.

### **Кіріспе**

Мотивация әртүрлі аспектілерде зерттеледі және осыған байланысты тұжырымдама әртүрлі түсіндіріледі. Мотивация мәселесінің күрделілігі мен көп өлшемділігі оның мәнін, табиғатын, құрылымын, сондай-ақ оны зерттеу әдістерін түсінуге деген көзқарастардың көптігін анықтайды. Х. Хеккаузеннің пікірінше, мотивация - бұл мінез-құлық әрекетін басынан аяғына дейін біркелкі өткізетін жалғыз процесс емес. Керісінше, ол мінез-құлық актісінің жекелеген кезеңдерінде, ең алдымен іс-әрекетті орындағанға дейін және одан кейін өзін-өзі реттеу функциясын жүзеге асыратын гетерогенді процестерден тұрады [1].

Әрекет мотивацияланған, яғни мотивтің мақсатына жетуге бағытталған, бірақ оны мотивациямен шатастырмау керек. Әр түрлі функционалдық қабілеттер қалай және қай бағытта қолданылатыны мотивацияға байланысты.

Мотивация қабылдаудың әртүрлі нұсқалары мен ойлаудың мүмкін болатын мазмұны арасындағы таңдауды түсіндіреді; сонымен қатар, ол таңдалған әрекетті жүзеге асырудағы және оның нәтижелеріне қол жеткізудегі қарқындылық пен табандылықты түсіндіреді.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеліп отырған мәселе бойынша жарық көрген ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау, жалпылау, жүйелеу, жіктеу, түсініктеме беру, қорытындылау,

### **Нәтижелер және талқылау**

Мотивация және мотив ұғымдарын бөліп қарастыру маңызды. В.И. Ковалев мотивті «қажеттіліктің жоғары формасында пайда болатын тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқын ынталандырушы қасиет» деп түсіндіреді [2]. Мотивтің бұл анықтамасы оның түсіндіруіндегі көптеген қарама-қайшылықтарды жояды, онда энергетикалық, динамикалық және мазмұнды жақтар біріктіріледі.

Мотивация бірнеше функцияларды орындайды: студентті ынталандырады, бағыттайды және ұйымдастырады, оқу іс-әрекетіне жеке мағына мен маңыздылық береді. Бұл функциялардың бірлігі мінез-құлықтағы мотивацияның реттеуші рөлін қамтамасыз етеді.

Мотивациялық сала бірқатар мотивтерден тұрады: идеалдар мен құндылық бағдарлары, қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, мүдделер және басқалар.

Қажеттіліктер теориясы мотивация теориясымен тығыз байланысты. әйгілі американдық психолог А. Маслоу барлық қажеттіліктерді 5 негізгі деңгейге бөледі. Бірінші деңгейде физиологиялық қажеттіліктер, екінші деңгейде - қауіпсіздік қажеттілігі, үшінші деңгейде - махаббат пен сүйіспеншілік қажеттілігі, төртінші деңгейде - құрмет қажеттілігі, бесінші - өзін-өзі тану қажеттілігі [3].

Аталған қажеттіліктердің ішінде бірнеше қажеттілік шетел тілін меңгеруде маңызды болып келеді. Атап айтар болсақ, шет тілін оқу кезінде екінші деңгейдің қажеттіліктері ерекше маңызды болып табылады, себебі студент қорғаныс пен сенімді сезіну негізінде жана нәрселерді қызығушылықпен меңгере бастайды. Төртінші деңгейдің қажеттіліктерін қанағаттандыру өзін барабар, білікті маман ретінде сезінуге мүмкіндік береді, бұл шет тілін үйрену кезінде студенттер үшін өте маңызды, яғни, алған білімі мен білігін болашақта көрсете білуде және құрметке лайық толыққанды маман ретінде қалыптасуда маңызды екенін түсінуі керек. Бесінші деңгейдің маңыздылығы мынада: студенттер шет тілін үйрену арқылы өзін-өзі жетілдіруге және рухани өсуге әкелетінін сезінуі және түсінуі керек.

Гарвардтың даму психологиясымен айналысатын профессор Р. Кеган А. Маслоудың қажеттіліктер теориясын, Ж.Пиаженің жұмыстарын, сондай-ақ мотивтердің әртүрлі теорияларын талдау негізінде студенттердің даму процесін түсіндіру үшін алты сатылы модель жасады. Кез келген басқа пәндер сияқты шет тілін үйренуге мотивацияның пайда болуын түсіну үшін дамудың әр кезеңіне тән түсіндірме мотивтерге назар аударған жөн.

Р. Кеганның теориясына сәйкес, нөлдік сатыда (субстадия) адамдар сенсоримоторлы рефлексдер деңгейінде жұмыс істейді, сондықтан студенттердің осы кезеңде болуы екіталай.

Бірінші кезең импульсивті кезең деп аталады. Алғашында

студенттер жазадан аулақ болуға ынталы болып келеді. Жалпы, көп жағдайда студенттердің бейіндік емес пән ретінде шет тілін үйренуге деген ынтасы жоқ. Демек, мотивацияны оятудың бұл әдісі өте тиімді. Алайда, жазадан, нашар бағадан және т.б. қорқу студенттің жеке басының даму эволюциясының барлық кезеңдерінде жақсы себеп емес екенін түсіну керек. Осылайша, жазаларды қолдану тек бастапқы кезеңде мүмкін болады.

Екінші кезең, яғни империялды кезеңде студенттерді өз іс-әрекеттерінің нәтижелері, мұғалімнің бағалауы ынталандырады.

Тұлғааралық кезеңде студенттерді құрдастары арасында беделін арттыруға деген ұмтылыс итермелейді, сонымен қатар олар мойындау қажеттілігін сезінеді.

Институционалдық кезеңде студенттерді оқуға деген ішкі мотивация итермелейді және өздері шеше алатын күрделі міндеттерді қояды.

Жеке тұлға-бұл студенттер «автономды студенттерге» айналатын және енді ешкімге өзінің құзыреттілігін дәлелдеу қажеттілігін сезінбейтін ең жоғары деңгей.

Жеке тұлғалық кезең. Бұл кезең студенттер «өз бетінше білім алушы» болып, енді ешкімге өзінің құзыреттілігін дәлелдеу қажеттілігін сезінбейтін ең жоғары деңгей болып табылады.

Осылайша, белгілі бір студенттің қай кезеңде екенін анықтай отырып, мұғалім студенттің нәтижелі дамуы мүмкін болатын сәйкес педагогикалық құралдарды таңдау мүмкіндігіне ие болады және сәйкесінше Р.Кеганның көзқарасы бойынша студенттің бір сатыдан екінші сатыға өтуі жоғары деңгейде жүреді. Нәтижесінде нәтижелі оқу іс-әрекетінің қажетті шарты болып табылатын ішкі мотивация қалыптасады.

Шет тілін үйренуге деген мотивацияның екі түрі бар: сыртқы және ішкі.

Егер әрекетке түрткі болатын мотивтер онымен тікелей байланысты болмаса, онда олар осы әрекетке қатысты сыртқы деп аталады. Егер мотивтер осы әрекетпен байланысты болса, онда олар ішкі деп аталады.

Сыртқы мотивтер әлеуметтік (кең әлеуметтік) және тұлғалық болып бөлінеді: бағалау мотивтері, табысқа жету (студенттер жұмысты баға, мадақтау үшін орындаған кезде), өзін-өзі растау, жақсы көңіл-күй (іс-әрекет туыстарының, мұғалімдердің қысымына байланысты, қиындыққа тап болмас үшін орындалған кезде).

Таным процесінің негізгі қозғаушы күштерінің бірі оқу әрекетінің өзінен туындайтын ішкі мотивация болып табылады. Ішкі мотивация өзіндік белсенділіктің қозғаушы күші болып саналады. Ішкі мотивацияны дамыту кез келген саладағы нәтижелі әрекеттің қажетті шарты болып табылады.

Әрекеттің ішкі мотивациясының өзіне тән төрт көрінісі бар:

- жаңалыққа ұмтылу. Жаңалықтың екі түрі ерекшеленеді:

абсолютті, яғни, адамның өткен тәжірибесінде кездеспеген жаңалыққа ұмтылуы (үлкен тартымдылыққа ие). Шет тілін үйренетін студенттерге олардың негізгі мамандануын бейіндік пәндер бойынша бұрыннан таныс материалды оқыту ретінде қолдануға және жаңа ақпаратты аздап қосуға болады. Осылайша студенттер тілді меңгерудің маңыздылығын түсіне бастайды, сонымен қатар олар шет тілінде көптеген ақпараттарды игере бастайды, бұл олардың көкжиегін кеңейтеді;

- әлемді игеруге ұмтылу. Кез-келген істің сапалы орындалуы негізінде туындайтын рахат сезімі ішкі мотивациялық белсенділіктің күшті қозғаушысы болып табылады. Бұл іскерлік пен тиімділікке тек оқыту арқылы қол жеткізуге болады. Қолайлы жағдайларда адам жаңа нәрсені үйренуге деген ішкі мотивацияға ие болады. Әлемді меңгеруге деген ұмтылыстың жоғары деңгейі - бұл жаңа нәрсені құру, жобалау, жетілдіру, жасау мүмкіндігі. Студенттер жаңа және пайдалы нәрсені үйрену жүріп жатқанын сезінуі керек, ең бастысы, прогресті сезінуі керек;

- адамның өзін-өзі анықтауға деген ұмтылысы ішкі мотивацияны көрсетудің нақты формаларының бірі болып табылады. Бұл ұмтылыс тұлғаның өз әрекетінің қайнар көзі ретінде сезінуіне, өзін өз әрекетінің, оның нәтижелерінің шебері болуға деген ұмтылысының туындауына ықпал етеді. Студенттер бәрі тек мұғалімге байланысты емес екенін сезінуі керек, бірақ олардың әрекеті үшін жауап береді, қорытынды жасайды және оқытушының көмегімен оларды жетілдіріп, түзетеді;

- өзін-өзі көретуге, жүзеге асыруға ықпал ететін өзін-өзі тану, өзін-өзі белсендіру, өзін-өзі жүзеге асыру, шығармашылық және тұлғаның өзіндік «Мені». Өзін-өзі жүзеге асыру әр түрлі іс-шараларда жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, мұғалім студенттерге топтарда немесе өзін-өзі жүзеге асыру үшін әр түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындауды ұсына алады. Бұл жеке тұлғаның іс-әрекетінің негізгі, ынталандырушы күші, онда құзыреттілік, нәтижелік және өзін-өзі анықтау сезімі көрінеді.

Ішкі мотивацияның негізгі түрі - коммуникативті мотивация, яғни қажеттіліктер таза коммуникативті мотивация ретінде қалыптасады: әдеби тілде шет тілінде сөйлеу, көркем және арнайы әдебиеттерді оқу, жазу (мысалы, хаттар). Алайда, мотивацияның бұл түрі ерекше айтылғанмен, оны сақтау қиын. Мұны ана тілінің атмосферасында шет тілі жасанды қарым-қатынас құралы ретінде көрінетіндігімен түсіндіруге болады, яғни, қарым — қатынас шартты болып табылады, ол оны сахналық қарым-қатынасқа жақындатады.

Сыртқы мотивация оқытудың түпкілікті нәтижесіне қол жеткізуге арналған алыс мотивация болуы мүмкін. Ішкі мотивация жақын және өзекті болып табылады және бүкіл оқу процесі әрбір сабақта студенттер өздері оқып жатқан пәнге тән қажеттіліктерді қанағаттандыру қуанышын сезінетіндей етіп құрылуы керек, бұл біздің жағдайда шет тілі сабағы болып табылады.

Мотивация құрылымында оқу мотивациясы ерекше орын алады. Б. Вернер оқу мотивациясын оқу мотивтерінің тұтастығы мен құрылымының үйлесімі деп түсіндіреді. Оқу мотивациясының негізгі міндеті - студенттің жеке басының ішкі мотивациялық әлеуетін ашуға барынша ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру. Б. Вернер оқу мотивациясының негізгі компоненттері ретінде келесі мотивтерді бөліп көрсетеді: азаматтық (оқыту қоғамдағы болашақ өмірге дайындық ретінде); танымдық (білім мен дағдыларды игеру); ата-аналармен әлеуметтік сәйкестендіру мотиві (ата ананың сенімін ақтау); мұғаліммен әлеуметтік сәйкестендіру мотиві (жақсы оқу және студенттің жоғары жетістіктері оқытушының талаптарына сәйкес келеді); тәжірибе мотиві (оқу материалының тартымдылығымен, әртүрлілігімен байланысты); материалдық мотив (оқу - материалдық жағдайдың алғышарты ретінде); мотивтің мәні (құрдастар арасында жоғары әлеуметтік беделге ие болу және/немесе қолдау). Басқа мотивтерге қарағанда басымдық танытатын оқытудың ішкі мотивациясы нәтижелі оқу әрекетін қамтамасыз етеді [4].

Танымдық мотивация - оқытудың ең тиімді мотивтерінің бірі. Алайда, ол студенттің жеке басының дамуы мен кәсіби бағдарлануына негіз болатындай жағдай жасау қажет. Пәнге танымдық қызығушылықтың кәсіби мотивациямен үйлесуі оқудағы жетістіктерге үлкен әсер етеді.

Кәсіби мотивация мен бағыттылықтың өзі оқу әрекетінің мотивіне айналады, олар студенттердің оқу белсенділігін, жоғары академиялық үлгерімін, оқу қиындықтарын жеңудегі табандылықты ынталандырады. Студенттердің әртүрлі оқу пәндеріне қатынасы көбінесе олардың мамандық бойынша кәсіби дайындықтағы маңыздылығын бағалауға байланысты.

Шет тілін үйренуге қатысты ғалымдар мотивацияның екі түрін ажыратады - инструменталды және интегративті (Р.Гарднер және В. Ламберт). Инструменталды мотивация - бұл сыртқы қажеттіліктердің көрінісі. Шет тілін үйренудің мақсаты - студенттердің жеке қалауы емес, сыртқы қажеттілік. Алайда, шет тілін тиімді үйрену үшін инструменталды мотивация жеткіліксіз, интегративті мотивацияны дамыту маңызды болып табылады.

Интегративті мотивация ішкі қажеттіліктердің көрінісі болып табылады және ол тұлғаның өздігінен шет тілін білетін елдің мәдениімен танысуғадеген ұмтылысымен байланысты пайда болады. Осылайша, интегративті мотивациямен шет тілін үйренудің мақсаты студенттердің ішкі қажеттілігі болып табылады. Яғни, егер студенттер әртүрлі адамдармен кездесуге және қарым-қатынас жасауға көбірек мән берсе және тіл шетелдіктер мен олардың өмір салтын түсінуге болатын құралға айналса, онда интегративті мотивация туралы айтуға болады.

Зерттеушілер интегративті мотивация шет тіліндегі ең жақсы жетістіктермен байланысты деп санайды. Шет тілін оқыту кезінде



интегративті және инструменталды мотивация арасындағы тепе-теңдік қажет. Осы екі мотивацияның үйлесімінің нәтижесінде шет тілін сәтті меңгеруге болады.

Осылайша, отандық және шетелдік ғалымдар мотивацияны адам өмірінің әртүрлі кезеңдерінде өзіндік ерекшеліктері бар күрделі көп деңгейлі жүйе ретінде қарастырады. Университеттік білім беру кезеңінде кәсіби ішкі мотивацияның дамуы барлық пәндерді оқуға деген ынтаға әсер етеді, сондықтан оған ерекше назар аудару керек.

Мотивация феноменін қарастыра отырып, шет тілін үйренуде студенттердің мотивациясының төмендеу себептеріне, сондай-ақ оны арттырудың шарттары мен тәсілдеріне назар аудару қажет. Мотивацияның төмендеуінің екі себебі бар. Бірінші себеп оқытушыға байланысты, екінші себеп студенттерге байланысты. Оқытушыға байланысты себептер студенттің шамадан тыс жүктелуіне әкелетін оқу материалын дұрыс таңдамау, оқытушының заманауи оқыту әдістерін меңгеру деңгейінің төмендігі, оқушылармен қарым-қатынас орната алмау және олардың бір-бірімен қарым-қатынасын ұйымдастыра алмау, мұғалімнің жеке басының ерекшеліктері және т.б. болып табылады.

Студенттерге байланысты мотивацияның төмендеу себептерін келесідей қорытындылауға болады: білімнің төмен деңгейі, оқу әрекеті мотивтерінің қалыптаспауы, дербес білім алу әдістерінің дұрыс таңдалмауы; студенттер тобымен қарым-қатынас орната алмау және т.б.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мотивтер кешені жалпы оқу әрекетінің, атап айтқанда шет тілін меңгеру мотивтерінің дамуына әсер етеді деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан әрбір студенттің шет тілін үйренуге деген мотивациясының дамуы жеке деңгейде деп айтуға толық негіз бар.

А. К. Маркова шет тілін үйренуге деген ынтаны дамытудың алты деңгейін анықтайды. Оқуға деген көзқарас түріне қарай мынадай деңгейлерге бөлуге болады:

- теріс көзқарас – сәтсіздіктен қашу мотивінің басым болуы, жеке тұлғалық мотивтер, оқу процесі мен мазмұнына қызығушылықтың болмауы, туындаған сәтсіздіктерді сыртқы себептермен түсіндіру. Оқу іс-әрекеті қалыптаспаған, бақылау мен өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі, білімді жаңа жағдайға көшірмеу;

- оң көзқарас (аморфты, бөлінбеген, ситуациялық) көзқарас (предотношение) - оқыту нәтижесіне және мұғалімнің бағасына қызығушылық ретіндегі кең танымдық мотив. Жауапкершіліктің кең әлеуметтік мотивтері, мотивтердің тұрақсыздығы. Жаңа білімді игеруге бейімділік, оқу тапсырмасын түсіну және орындау, Нұсқаулық, үлгі бойынша бірқатар оқу әрекеттерін орындау. Қорытынды өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау;

- позитивті (танымдық, саналы) көзқарас — өз бетінше дербес

қойылған мақсаттардан туындайтын жаңа мотивтер. Білім алудың әртүрлі тәсілдеріне қызығушылық ретіндегі, тұлға әрекеттерінің мотивтері мен мақсаттарының саналы байланысы ретіндегі оқу-танымдық мотивтер. Білімді таныс жағдайларда қолдану;

- оң (белсенді, бастамашыл, шығармашылық) қатынас – оқу-танымдық әрекет тәсілдерін жетілдіру мотиві (өздігінен білім алу). Тұлғаның мотивтері мен мақсаттарының саналы байланысы. Таным әдістері туралы білім, білімді жаңа жағдайда қолдану, білімді игерудің өнімді деңгейі. Болжамдық өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау (жұмысқа кіріспес бұрын), жоғары өзін-өзі бағалау, оқу іс-әрекетінен өзін-өзі тәрбиелеуге шығу, әрекет режимін жаңа жағдайларға ауыстыру, жасырын мүмкіндіктер жағдайында бастамашылық;

- оң (жеке, жауапты, тиімді) қатынас – оқу-танымдық әрекет барысында басқа адаммен ынтымақтастық тәсілін жетілдіру мотиві, мотивтерге бағыну, тұрақты ішкі ұстаным негізінде мотивтердің күресін жеңу, бірлескен оқу әрекетінің нәтижелеріне қатысуды білуге негізделген жауапкершілік мотиві [5].

Басқа адаммен ынтымақтастыққа дайын болу және бірлескен әрекетте әр түрлі шартты позицияны, жылдам алға жылжу қабілеті. Сонымен, кез-келген шет тілі мұғалімінің мақсаты оң (жеке, жауапты, тиімді) қарым-қатынасқа қол жеткізу ниеті болуы керек.

Қазіргі уақытта бірқатар зерттеулер нақты кәсіби бағдары бар студенттердің оқуға деген ынтасының анағұрлым жоғары болатынын және үлгерімі жақсы екенін растайды.

В.Н. Крутиков студенттер арасында жағымды мотивацияны дамыту принциптерін бөліп көрсетті. Бұл принциптерге мыналар жатады:

- студенттердің оқу міндеттерін шешу кезінде ескерілуі тиіс нақты техникалық және технологиялық байланыстарды басшылыққа ала отырып, имитациялық және әлеуметтік-ойын модельдерін құру. Е.И. Смирнов бұл көзқарасты растай отырып, студенттің мотивациялық сферасы оқу әрекетінде кәсіби маңызды білім беру элементтерін көрнекі модельдеу арқылы ғана белсенді түрде қалыптасады деп есептейді;

- студенттерді мұғаліммен және басқа студенттермен диалог, қарым-қатынас және өзара әрекеттесу жағдайында қазіргі кездегі барлық білімдерін (жеке эмпирикалық тәжірибе бағдарламасына сәйкес) кәсіби мәселелерді шешу үшін белсенді түрде пайдалануға ынталандыратын дидактикалық жағдайлар жасау;

- арнайы білімі жоқ студенттерге өздерінің кәсіби проблемалық міндеттерін шешудің ұтымды жолдарын сәтті іздеуге және табуға мүмкіндік беретін зерттеу тәсілін жүзеге асыру.

Университетте шет тілін үйрену кезінде жағымды мотивацияны дамытудың тағы бір ерекшелігі - кәсіби мотивацияны дамытуға негізделген болашақ кәсіби әрекеттің ерекшеліктерін ескеру.

Мотивациялық механизмдердің басқа аспектілеріне әсер ету негізінде көптеген мотивациялық бағдарламалар құрылуы мүмкін.

П. Я. Галперин оқу материалының мазмұны оқытудың ішкі мотивациясының дамуына әсер ететін шарт деп санайды. Ішкі мотивацияның дамуына оқу материалының мазмұны, құрылымы, оқыту әдістері қажет, бірақ бұл ынталандырудың жалғыз шарты емес.

Дж.Хармер шет тілін үйренудің ішкі мотивациясына ең көп әсер ететін жағдайларды атап көрсетеді: «физикалық жағдайлар» (аудиториядағы адамдар санын, атмосфера және т.б.); қолданылатын әдістер; мұғалім; «дұрыс таңдалған» қиындық деңгейі.

ЖОО-да шет тілін оқыту кезінде ең маңыздысы сыртқы мотивацияны дамытуға ықпал ететін келесі шарттар болып табылады: табысқа жету жағдайын қалыптастыру, сәтті орындалған тапсырма үшін сыйақы, студенттердің өзіне деген сенімін қалыптастыру; студенттердің өз сәтсіздіктерін білуі, сонымен қатар олардан шыға білуі; «авторитарлық талаптар», бұл оқытушының студенттерге белгілі бір тапсырманы орындау үшін берілетін нақты мерзімдерді белгілеуін білдіреді, бұл студенттердің жеке жауапкершілігінің дамуына әкеледі; білімді міндетті бақылау; сыныптағы бәсекелестік (тұлғааралық және кіші топтар арасындағы).

А. И. Гебос студенттердің бойында жағымды мотивацияның дамуына ықпал ететін жағдайларды бөліп көрсетті: оқытудың жақын және соңғы мақсаттарын түсіну; игерілген білімнің теориялық және практикалық маңыздылығын түсіну; материалды ұсынудың эмоционалды формасы; ғылыми тұжырымдамаларды әзірлеуде «перспективалық бағыттарды» көрсету; оқу әрекетінің кәсіби бағыты; білім беру құрылымында проблемалық жағдайларды тудыратын тапсырмаларды таңдау; оқу тобында қызығушылық пен танымдық климаттың болуы.

Бұл шарттар интеллектуалды және эмоционалды тонның жоғарылауына ықпал етеді, адамның іс-әрекетті сәтті орындауына мүмкіндік береді. Проблемалық мазмұны, шығармашылық сипаты және бәсекеге қабілеттілігі жағдайында дененің резервтік мүмкіндіктері қолданысқа енгізіледі. Бұл жағдайда пайда болатын эмоциялар адамды белсендіреді, белсенділік мотивациясын тудырады және арттырады.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, ЖОО студенттері үшін шет тілін үйренуге жағымды әсер ететін келесі педагогикалық шарттар кешені қажет:

А) ішкі мотивацияның дамуына әсер ететін жағдайлар - кәсіби қызығушылық және сәйкесінше болашақ кәсіби әрекет үшін алған білімнің практикалық және теориялық маңыздылығын түсіну (сабақта болашақ кәсіби әрекетке бағдарлайтын элементтерді пайдалану, танымдық және қызықты мәтіндерді/мақалаларды таңдау); кәсіби-психологиялық әрекеттің ерекшеліктерін ескеру, дербес оқыту негізінде

зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастыру;

- оқытушы (оның тұлғалық ерекшеліктері, әдістемелік сауаттылығы, студенттер алатын мамандыққа бағыттылығы, мұғалімнің студенттердің шет тілін оқу кезінде алға қойған мақсаттарын білуі, көпшілдігі, ашықтығы, эмпатиясы); білімді жақсы меңгеруге ықпал ететін және белсенді оқыту әдістері арқылы жүзеге асырылатын сабақтардың эмоционалды қанықтылығы);

б) сыртқы мотивацияның дамуына әсер ететін жағдайлар: сәттілік жағдайын құру немесе сәтсіздік пен оның себептерін білу, студенттер тобының бәсекеге қабілеттілігі, сабақтың коммуникативті бағыты.

Жоғарыда қарастырылған шарттарды жоғары оқу орындарының дидактикасында бар әртүрлі тәсілдер арқылы жасауға болады.

### ӘДЕБИЕТ

[1] Хеккаузен, Х. Мотивация и деятельности. – М.: Просвещение, 2010. – С.81-83.

[2] Ковалев В.И. Мотивы поведения и деятельности. – М., 1988. - 114 с.

[3] А. Маслоу Мотивация и личность. - М.: Питер, 2017. – 723 с.

[4] Werner, B. A. Theory of motivation for some classroom experience B. Werner //Journal of educational psychology. – 2001. – № 71. – P. 3-35.

[5] Маркова, А.К. Мотивация учения и ее воспитание у школьников /А.К. Маркова, А.Б. Орлов, Л.М.Фридман. – М. : Педагогика, 2003. – С. 43-45.

### REFERENCES

[1] Khekkauzen, X. Motivatsiya i deyatel'nosti (Motivation and activities). – М.: Prosveshcheniye, 2010. – С.81-83. [in Rus.]

[2] Kovalev V.I. Motivy povedeniya i deyatel'nosti (Motives of behavior and activity). – М., 1988. - 114 s. [in Rus.]

[3] A. Maslou Motivatsiya i lichnost' (Motivation and Personality). - М.: Piter, 2017. – 723 с. [in Rus.]

[4] Werner, B. A. Theory of motivation for some classroom experience B. Werner //Journal of educational psychology. – 2001. – № 71. – P. 3-35.

[5] Markova, A.K. Motivatsiya ucheniya i yeye vospitaniye u shkol'nikov (Motivation for learning and its upbringing among schoolchildren) /A.K. Markova, A.B. Orlov, L.M.Fridman. – М.: Pedagogika, 2003. – С. 43-45. [in Rus.]

## ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ ВУЗА К ИЗУЧЕНИЮ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

\*Кабдыкалымкызы А.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Университет Алихана Букейханова, Семей, Казахстан  
e-mail: k.assem81@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы формирования положительной мотивации студентов вуза к изучению иностранного языка. Анализируются понятия Мотив и мотивация, дается характеристика функций мотивации. Отечественные и зарубежные ученые рассматривают мотивацию как сложную многоуровневую систему, имеющую свои особенности на разных этапах жизни человека. На этапе вузовского образования развитие профессиональной внутренней мотивации влияет на мотивацию к изучению всех предметов, поэтому на нее следует обратить особое внимание.

Также были проанализированы этапы возникновения положительной мотивации к изучению иностранного языка. Эти этапы позволяют определить, на каком этапе находится студент, и на основании этого выбрать наиболее эффективные педагогические средства для преподавателя. Проанализировав виды мотивации к изучению иностранного языка, принципы, а не учебная мотивация в структуре мотивации, для студентов вузов определен комплекс педагогических условий, оказывающих положительное влияние на изучение иностранного языка.

Эти условия способствуют усилению интеллектуального и эмоционального состояния, позволяют человеку продуктивно выполнять действия. Возможности личности в условиях проблемного содержания, творческого характера и конкурентоспособности. Возникающие при этом эмоции активизируют человека, вызывают и усиливают мотивацию к активности.

**Ключевые слова:** иностранный язык, мотив, мотивация, учебная мотивация, педагогические условия, изучение иностранного языка, инструментальная мотивация, интегративная мотивация.

## PROBLEMS OF FORMATION OF POSITIVE MOTIVATION OF UNIVERSITY STUDENTS TO STUDY A FOREIGN LANGUAGE

\*Kabdykalymkzy A.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>doctoral student, Alikhan Bukeikhanov University, Semey, Kazakhstan  
e-mail: k.assem81@mail.ru

**Abstract.** The article deals with the formation of positive motivation of university students to learn a foreign language. The concepts of Motive and motivation are analyzed, the characteristic of motivation functions is given.

Domestic and foreign scientists consider motivation as a complex multi-level system that has its own characteristics at different stages of a person's life. At the stage of university education, the development of professional internal motivation affects the motivation to study all subjects, therefore, special attention should be paid to it.

The stages of the emergence of positive motivation to learn a foreign language were also analyzed. These stages allow you to determine at what stage the student is at, and based on this, choose the most effective pedagogical means for the teacher. Having analyzed the types of motivation to learn a foreign language, principles, and not educational motivation in the structure of motivation, a set of pedagogical conditions that have a positive impact on learning a foreign language has been determined for university students.

These conditions contribute to strengthening the intellectual and emotional state, allow a person to perform actions productively. The possibilities of the individual in the conditions of problematic content, creative nature and competitiveness. The emotions that arise in this case activate a person, cause and strengthen motivation for activity.

**Keywords:** foreign language, motive, motivation, educational motivation, pedagogical conditions, learning a foreign language, instrumental motivation, integrative motivation.

*Статья поступила 19.08.2022*

УДК 378.091.12  
МРНТИ 14.35.09  
DOI 10.48371/PEDS.2022.66.3.016

### **INTERCULTURAL DIGITAL COMPETENCE OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION**

\*Yussupova G.T.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>doctoral student, IKTU named after Kh.A. Yassawi,  
Turkestan, Kazakhstan, e-mail: guzal.yussupova@inbox.ru

**Abstract.** In this article, we consider Competence in the field of intercultural communication as a set of competencies, the mastery of which allows the student to acquire the necessary amount of knowledge, skills, as well as the experience of their further application in the field of intercultural communication for the successful implementation of professional activities, taking into account modern requirements. The development of digital technologies in education, on the one hand, opens up new opportunities.



Foreign language teaching has become more colorful, interesting and effective with the use of digital learning materials in recent years. Qualitative changes in the content, structure, introduction of new pedagogical technologies into the educational process characterize the current stage of development of education. In modern conditions of informatization, it is necessary to supplement the educational process with modern resources, including educational content in electronic form, which can be reproduced or used using digital and multimedia technologies. Digital educational content is a source of information containing graphic, textual, digital, speech, music, video and other information aimed at achieving the goals and objectives of modern education. A foreign language is defined as a means of forming the professional orientation of a future foreign language specialist. University graduates require a new quality of training for a foreign language teachers in the strengthening the pedagogical training.

**Keywords:** digitalization, foreign language education, intercultural competence, communication, experiment, new technology, future foreign language teacher, digital competence.

### **Introduction**

The urgency of all issues related to culture has now acquired an unprecedented acuteness. Increased interest in studying the cultures of different peoples.

The definition of intercultural communication is obvious from the term itself: it is the communication of people representing different cultures. In the book of E.M. Vereshchagin and V.G. Kostomarov «Language and Culture», the following definition is given: Intercultural communication. This term refers to an adequate mutual understanding of two participants in a communicative act belonging to different national cultures [1].

By intercultural communication we will understand the interaction, direct, indirect or immediate (the presence or absence of an intermediate link acting as an intermediary (human, digital resource)) between representatives of different ethnic cultures or subcultures, countries in a certain context. Competence in the field of intercultural communication is considered as a set of competencies, the mastery of which allows the learners to acquire the necessary amount of knowledge, skills and abilities, as well as the experience of their further application in the field of intercultural communication for the successful implementation of professional activities, taking into account modern requirements. Special attention in the preparation of future English language teachers should be given to mastering practical skills, overcoming the influence of stereotypes in the field of intercultural communication, also one common world and the ability to carry out a positive intercultural dialogue with representatives of different cultures.

Language is generally understood as the medium of communication of ideas and thoughts. Technological advances have assisted with language

communication processes. When we speak about technology, we generally refer to computers and digital forms. However, technology refers to anything that is developed that makes life easier. Thus, technology can be a pencil with an eraser that makes writing and editing easier, or a candle utilized for evening reads by Abraham Lincoln. Language communication has changed over the years in its audio form such as through word of mouth, oral storytelling and towards other modes.

In the last decade, the learning environment with technology has become an integral part. This is the technological evolution of mankind with the help of teachers who facilitate the learning process of future specialists as an integral part of integration into the digital world. According to the post. By summer, the state program «Digital Kazakhstan» will be launched in the country connection is established. Information technology is developing rapidly. If we do not develop the IT industry today, it will be difficult to enter the top 30 developed countries. After all, all civilized countries have switched to the development of this digital industry. Year by year, the development and well-being of its inhabitants is improving. Digital Technology has been bold in our lives since the early years of independence began to take root. First of all, there is a mass computerization of schools received. Computers are the main means of obtaining information both in the office and at home. began to be used to perform any work with information on a computer was carried out with the help of Both storage and transmission of information are on the way [2].

The peculiarities of this work to analyze interactive methods and suggest their possible implementation into national higher education clarify the connection of innovative technologies usage in the foreign language training at the universities. Being aware of the relevance of the teacher in the development of this competence, we propose a research that aims to contribute to the development of teaching digital competence. Developing student skills and knowledge about ICT requires trained teachers, not only in skills but also in the methods and ways of teaching. In this sense, it is necessary that the teachers develop their pedagogical content knowledge that includes an appropriate level of what we call digital competence. Teaching digital competence is the result of combining the knowledge and technological skills, knowledge of the methodological possibilities offered by technological resources and the exploitation of ICT to transform and improve education [3].

### **Basic provisions**

According to researchers A.A. Andreeva, S.A. Beshenkova, I.P. Gladilina, E.V. Mindzaeva, A.V. Morozova, S.S. Neustroeva, T.Sh. Shikhnabieva, M.I. Shutikova the introduction and development of digital technologies in various fields of science, education, and the economy makes it possible to implement various projects, working in groups dispersed around the world. Communication can be difficult due to the subtleties of the language, misunderstanding of

extralinguistic, paralinguistic, proxemic and optical-kinetic features in the context of different cultures (V.A. Labunskaya, A.V. Morozov, V.P. Morozov, A. Pease, E. Hall and others). To a large extent, this is the reason for the increased demand for specialists who have knowledge, skills, and experience in their application in the field of intercultural communication in a digital educational environment.

### **Materials and methods**

The concept of “intercultural communication” was introduced in the 1950s by the American cultural anthropologist Edward Hall as part of a program he developed on the instructions of the US State Department for the adaptation of American diplomats and business people abroad.

The term «digital literacy» appeared at the end of the 20th century and was popularized by P. Gilster in 1997 in the book «Digital literacy» [3].

Richard Lanham claims that «literacy» has extended its semantic reach from meaning «the ability to read and write» to now meaning “the ability to understand information however presented”. He emphasizes the multimedia nature of digital information, and argues that to be digitally literate involves “being skilled at deciphering complex images and sounds as well as the syntactical subtleties of words”. Digitally literate people are “quick on [their] feet in moving from one kind of medium to another ...know what kinds of expression fit what kinds of knowledge and become skilled at presenting [their] information in the medium that [their]audience will find easiest to understand”. Digital literacy enables us to match the medium we use to the kind of information we are presenting and to the audience we are presenting it to [4].

Today digital technologies opens a wide opportunities, and we recognize that they have great prospects in education. Modern teachers parallel to the traditional learning, try to use various types of digital learning technologies such as electronic textbooks, digital educational resources, internet technologies, computer testing programs, etc. teaching with using such forms of education as distance learning, e-learning, massive open online courses, and open educational resources. It is extremely important to develop the digital culture of future English language teachers, which is the best driving force in the digital economy. The system of teaching foreign languages is constantly changing, modern life is very dynamic and dictates high and at the same time effective rates of learning. Teachers are looking for more and more new ways to effectively teach foreign languages, trying not only to motivate students to learn, but also to use modern technologies to achieve their goals.

The inseparability of language, culture and communication was first noted by E. Sapir. “Language is a communicative process in every society known to us”. The study of intercultural communication from a linguistic point of view. So, following the American linguist and ethnologist, a number

of Russian researchers also note the very connection that exists between the world of culture and language. For example, S.G. Ter-Minasova defines language as «a system of written signs and sounds used by the population of a particular country, region or tribe in order to communicate with each other» [5]. Moreover, language is not only a means of knowing culture and the world, but also forms the mentality, national character, image, the inseparability of language and man is emphasized, where language is a kind of communicant that transmits and stores the past. Authors Maslimova A.R. and Doskhozhin Zh.M. explore intercultural communication in a linguistic way and note that A.P. Moiseev, focuses on the existing close relationship and interaction of cultural and linguistic pictures of the world. "Language, thinking and culture in the process of creating an image are so closely related that they cannot exist without each other. The world around a person is presented in three forms: the world surrounding a person, then the image of this world, reflected in the mind of a person through the prism of concepts and called the conceptual or cultural picture of the world, and finally, the cultural picture of the world, closely related to the linguistic picture of the world [6].

The introduction of new digital educational resources into the educational process allows us to successfully solve many pedagogical tasks, such as:

1. Implementation of the principle of individualization of the educational process;
2. Improving the effectiveness of the educational process;
3. Enhancing cognitive activity of students;
4. Implementation of the principle of interactivity.
5. The effectiveness of using various of apps and devices in teaching foreign languages.

The experiment took place at IKTU named after Kh. A. Yassawi, in the Philology Department.

For the aim there were developed a questionnaire and formulated with questions related to the formation of intercultural digital competence. To begin with, we conducted a diagnostic survey of students of the 1st year of the undergraduate level in the pedagogical direction. The aim is to find out their expectations at the end of training and knowledge about new educational digital technologies. 40 1st year students participated in the questionnaire. There were control group and experimental group.

The result is important for learners, the questionnaire also gave us the following results: 80% of the examined students believe that the new technologies are important in teaching a foreign language, and 20% of the examined students believe that the traditional way of learning important. Also the most interesting fact, that turns out after receiving the results of the study, is that learners want to spend more time getting a quality language education.

### Result

To ensure the equivalence of the two groups before starting the study, a pre-test was applied. Table (1) shows the results:

Table 1. Results of pre-test of the equivalence of the two groups

Group students	Group	Students	Mean score (vocabulary)	Mean score (grammar test)
PRE-TEST	control	20	3.1	3.5
	experiment	20	3.3	3.7

Table (1) represents that there were no statistically significant differences between the experimental and control group at the pre-test of speaking and pre-test of grammar skills. This means that the control group and the experimental group a bit differences before starting the study.

Table 2. Results of using digitalization in teaching a foreign language for Each Group (Control and Experiment)

Group	Test (vocabulary)	students	Mean score
Control	Pre	20	3.1
	Post	20	3.4
experimental	Pre	20	3.3
	Post	20	3.8

Group	Test (grammar test)	students	Mean score
Control	Pre	20	3.5
	Post	20	3.6
experimental	Pre	20	3.7
	Post	20	3.9

Table (2) represents the mean scores of the two groups (Control and Experimental) in the pre vocabulary Test were (3.1) and (3.4) respectively while in the post test were (3.3) and (3.8) respectively; in the pre Grammar Test were (3.5) and (3.6) respectively while in the post test were (3.7) and (3.9) respectively. This means that the students' vocabulary and grammar skills scores in experimental group were improved in the post test because of the use of digitalization (E-learning).

The results obtained show that the majority of students consider the use of digital technology in English lessons to be the most important to achieve stable positive results and the opportunity to receive information from different resources, share their knowledge and skills in an appropriate manner and interact more effectively.

The results demonstrate that the establishment of a future foreign language teacher's competence qualifies the following:

- to use long-familiar and widely-spread Internet technologies in practice,
- to develop the students' skills of independent learning through ICT activities;

- to teach students a foreign language on individual ICT-based trajectories, depending on their interests, needs, and abilities.

I. Opportunity of technology use in education are:

- 1) Changes in teaching: technologies are used as help and support for teachers or working groups;
- 2) Support in realization of daily tasks: making of communication; preparations for classes, following of student's progress,
- 3) Possibilities for increase of professional development: advanced degrees, informal educational possibilities;  
"Just in time" training and support, regular courses and
- 4) Possibility of distance learning;
- 5) Ability to communicate online with native speakers.

### **Discussion**

The ability using of ICT in English lessons contributes to a significant improvement in the quality of education, which is the main task of general education policy also gives the opportunity to work with students of different levels of education. One of the main interests of students is ICT. Nowadays the traditional method of teaching comes non interesting for learners they prefer more colorful and digital way of learning.

Digitalization of education gives the opportunity for learners:

- Contribute to the formation of positive motivation in teaching English;
- New technology implemented in education contribute to the development and rise to a qualitatively new level;
- The use of ICT provides access to various reference systems, electronic libraries and other information resources
- ICT resources can be actively used for self-study, this includes all kinds of training (lexical, grammatical, phonetic exercises, grammar reading tests and IQ test).

The introduction of digital technology in the learning process keeps pace with the times in connection with the development of high technology in the XXI century

Benefits of using digital educational resources:

- the quality of visibility, consistency and uniqueness of content high motivation;
- interactivity, because teachers and students are unified, constantly interact with each other;
- joint activities of participants and cooperation;
- personalization and analysis of the learning process; inner sense of freedom creation, disclosure of the creative potential of the individual.

These modern technologies allow us to communicate in real time. Accordingly, both students and teachers be able to use the media with the help of various technological devices.



### **Conclusion**

In the conclusion, it is necessary to notice that now the global consecutive and steady movement to the information society is observed, which urged to create the best conditions for the maximum self-realization of each person. The bases for that process are intensive development of information technologies and creation of developed information-educational environment. Study and analysis of the current state of digitalization use in the educational sphere have shown that there are numerous works considering possibilities, properties, functions, potential of information technologies having no accurate substantiation on the basis of the fact sheets received as a result of practical activities during experiments. The obvious lack of the researches representing theoretically well-founded methodical and pedagogical recommendations on ICT application is seen. The questions connected with development and influence of ICT on the efficiency of the academic process are insufficiently studied. There are no long-term and extensive researches showing degree of efficiency and expediency of support of various courses on integration of disciplines through the Internet by means of telecommunication technologies [7].

Foreign language teaching pedagogical strategies for the professional development of digital competencies abroad formation of digital competence of students in teaching and learning languages including the circumstances of their personal, educational and professional lives, effective written and oral communication in a foreign language in a digital environment involves the use of new technologies for communication. Future contributes to the concentration of cognitive abilities and attention of specialists, activates the processes of understanding and memory, forms ideas, assimilates theoretical knowledge, improves the cognitive activity of students. Creates a real interest in the topic of the lesson among students, updates the knowledge gained by students on this topic increases cognitive activity.

Accordingly, the analysis of the scientific and methodological literature, study of progressive international experience of training teachers, as well as concluding of own case have helped to investigate the issue of new technologies usage in foreign languages training in order to identify their key strengths and weaknesses and the potential ways for their implementation into national educational space.

### **REFERENCES**

- [1] Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского как иностранного. – Москва, 1990. – 270 с.
- [2] Нуримова С.М., «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы – озық білім мен құзыреттіліктің бастамас. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру аясында адами капиталды дамыту» (2019 жыл- Жастар

жылына арналған): тақырыбында облыстық ғылыми тәжірибелік конференциясы. – Ақтөбе, 2019. – 435 б.

[3] Зинченко В.Г. Межкультурная коммуникация. От системного подхода к синергетической парадигме. Учебное пособие. – Москва, 2007.

[4] Gilster, P. Digital literacy. - New York: Wiley Computer Publication, 1997.

[5] Lanham, R., Digitalliteracy. //ScientificAmerican. – 1995. - № 273 (3). - p.160–161

[6] Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, 2008. - 352 с.

[7] Масалимова А.Р., Досхожина Ж.М. Современные проблемы исследования межкультурной коммуникации. Вестник КазНУ им. аль – Фараби. – 2014. – С. 68 – 71.

[8] Сахарова Н. С. Развитие иноязычной компетенции студентов университета. - Москва, 2003. – с. 20

#### REFERENCES

[1] Khekkauzen, X. Motivatsiya i deyatel'nosti (Motivation and activities). – М.: Prosveshcheniye, 2010. – С.81-83. [in Rus.]

[2] Kovalev V.I. Motivy povedeniya i deyatel'nosti (Motives of behavior and activity). – М., 1988. - 114 s. [in Rus.]

[3] A. Maslou Motivatsiya i lichnost' (Motivation and Personality). - М.: Piter, 2017. – 723 с. [in Rus.]

[4] Werner, B. A. Theory of motivation for some classroom experience B. Werner //Journal of educational psychology. – 2001. – № 71. – P. 3-35.

[5] Markova, A.K. Motivatsiya ucheniya i yeye vospitaniye u shkol'nikov (Motivation for learning and its upbringing among schoolchildren) /A.K. Markova, A.B. Orlov, L.M.Fridman. – М.: Pedagogika, 2003. – С. 43-45. [in Rus.]

#### ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

\*Юсупова Г.Т.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан,  
e-mail: guzal.yussupova@inbox.ru

**Аңдатпа.** Бұл мақалада біз мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы құзыретті меңгеру, білім алушыға қажетті білім, дағдыларды, сондай-ақ мәдениетаралық қарым-қатынас саласында оларды одан әрі дамытуға мүмкіндік беретін құзыреттер жиынтығы ретінде қарастырамыз. Заманауи талаптарды ескере отырып, кәсіби қызметті жүзеге асыру мақсатында, соңғы жылдары цифрлы оқу материалдарын қолдану арқылы

шеттілі, қызықты және тиімді бола бастады. Бұл зерттеу цифрлық оқу материалдарын осы салада қолдануды насихаттау және мұғалімдерге цифрлық материалды дамытуға көмектесу мақсатында ағылшын тілін оқытуда қолданылатын цифрлық өзіндік жұмыс материалдарын әзірлеу платформасын жасауға бағытталған. Мазмұны, құрылымы, оқу процесіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізудегі сапалы өзгерістер білім берудің қазіргі даму кезеңін сипаттайды. Ақпараттандырудың қазіргі заманғы жағдайында сандық және мультимедиялық технологияларды тарту арқылы көбейтуге немесе пайдалануға болатын электронды түрдегі білім беру мазмұнын қоса, білім беру процесін заманауи ресурстармен толықтыру қажет. Сандық білім беру мазмұны - графикалық, мәтіндік, цифрлық, сөйлеу, музыка, бейне және қазіргі білім берудің мақсаттарымен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған басқа ақпараттарды қамтитын ақпарат көзі. Жоғары оқу орындарының студенттерін оқыту контекстінде шет тілі болашақ маманның шет тілдеріне кәсіби бағдарын қалыптастыру құралы ретінде қарастырылған. ЖОО түлектерінің педагогикалық даярлығын күшейту тенденциялары шет тілі мұғалімін даярлаудың жаңа сапасын талап етеді.

**Тірек сөздер:** цифрландыру, шет тілін оқыту, мәдениетаралық құзыреттілік, коммуникация, эксперимент, жаңа технологиялар, болашақ шетел тілі мұғалімі, цифрлық құзыреттілік.

## МЕЖКУЛЬТУРНАЯ ЦИФРОВАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА В КОНТЕКСТЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ

\*Юсупова Г.Т.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup> докторант, МКТУ им. Х. А. Ясави, Туркистан, Казакстан,  
e-mail: guzal.yussupova@inbox.ru

**Аннотация.** В данной статье мы рассматриваем Компетентность в сфере межкультурной коммуникации как совокупность компетенции, овладение которыми позволяет обучающемуся приобрести необходимый объем знаний, навыков, а также опыт их дальнейшего применения в сфере межкультурной коммуникации. Коммуникации для успешного осуществления профессиональной деятельности с учетом современных требований. Обучение иностранному языку стало более красочным, интересным и эффективным с использованием цифровых учебных материалов за последние годы. Это исследование направлено на разработку платформы для разработки цифровых учебных материалов для самостоятельного обучения, которые будут использоваться при обучении английскому языку, с целью содействия использованию цифровых учебных материалов в этой области и содействия развитию

у учителей навыков разработки цифровых материалов. Качественные изменения содержания, структуры, внедрения в образовательный процесс новых педагогических технологий характеризует современный этап развития образования. В современных условиях информатизации необходимо дополнять образовательный процесс современными ресурсами, в том числе учебным контентом в электронном виде, который можно воспроизводить или использовать с привлечением цифровых и мультимедийных технологий. Цифровой образовательный контент - источник информации, содержащий графическую, текстовую, цифровую, речевую, музыкальную, видео и другую информацию, направленный на достижение целей и задач современного образования. В современном быстро развивающемся обществе потребность в профессионально грамотных учителях все больше возрастает. Тенденции усиления педагогической подготовки выпускников ВУЗов требуют нового качества подготовки учителей иностранного языка.

**Ключевые слова:** цифровизация, иноязычное образование, межкультурная компетенция, коммуникация, эксперимент, новые технологии, будущий учитель иностранного языка, цифровая компетентность.

*Статья поступила 24.04.2022*

**2 Бөлім**  
**ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**  
**Раздел 2**  
**СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**  
**ОБУЧЕНИЯ**  
**Part 2**  
**MODERN EDUCATIONAL TECHNOLOGIES OF TEACHING**

**МРНТИ 14.35.09**

**УДК 372.881.1**

**DOI 10.48371/PEDS.2022.66.3.017**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ САЛАСЫНДА ЗАМАНАУИ**  
**МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ**  
**ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

\*Азимова Г.У.<sup>1</sup>, Сатбекова А.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторанты, ҚазҰҚПУ, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: gaini.azim@gmail.com

<sup>2</sup>п.ғ.д., профессор, ҚазҰҚПУ, Алматы, Қазақстан,  
e-mail: satbekova@mail.ru

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ тілін оқыту әдістемесі және онда қолдануға болатын заманауи қосымшалар жөнінде сөз қозғалады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде заман талабына сай жаңа технологияларды қолдану оқытушылардың басты міндеттерінің бірі болып отыр. Цифрлы қоғамда дүниеге келіп, сол қоғамда тәрбиеленетін білім алушы ұрпаққа өз қабылдауына сай білім беру нәтижелі болары анық. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде заманауи қосымшаларды қолдану студенттерге қазақ тілінің сұлу да сырлы таңғажайып әлемін үйренуге көп ықпал етері сөзсіз. Мақалада білім беру әдістемесінде бүгінгі күні кеңінен қолданылып жүрген мобильді қосымшалар сипатталып, олардың қолданысына қатысты түрлі мәліметтер беріледі: олардың ерекшеліктері, функциялары айқындалып, білім берудегі тиімділігі қарастырылды. Мобильді құрылғылардағы оқыту бағдарламалары, мобильді қосымшалардағы сабақтар оқушыларды қызықтырып, оқытушыға көмекші құрал болып білім алудың және кәсіби біліктілікті жетілдірудің негізгі тәсіліне айналды. Сонымен қатар, белгілі ғалымдардың жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша зерттеулері мен пікірлеріне сілтеме жасалады. Мобильді оқытудың артықшылықтары мен

кемшіліктері тізбектеліп, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың түрлі аспектілері атап өтіледі. Компьютерлік ақпараттық технологиялар көмегімен орындалатын интерактивті жұмыс жүйелерінің сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты дамытуда алатын орны әлі зерттеліп, толығы берері анық.

Білім беру саласындағы әлемдік тәжірибені жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде қолданудың мақсаты - студенттерге мотивация беру, берген білімді тиімді әдістер көмегімен игерту. Бұл мақала жоғары оқу орны оқытушыларына практикалық мақсатта қолдануға ұсынылады.

**Тірек сөздер:** қазақ тілі, оқыту әдістемесі, мобильді қосымшалар, мобильді құрылғылар, АКТ, тіл үйрету, инновациялық технологиялар, заманауи әдістер.

### **Негізгі ережелер**

Оқытушының білім беру әдістемесі заман ағымына сай жаңашыл бағыттағы әдіс-тәсілдермен үздіксіз толығып отырады. Бүгінгі тақырыпта әлемдік білім беру тәжірибесіне қолданысқа енген технологиялардың қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолданылуына тоқталамыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін ғылымның бір саласы ретінде қарастырсақ, мұнда нақты айқындалған мақсат көзделіп, сол мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылатын арнайы, саналы сипаттағы таным үрдісі қалыптасады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында арнайы күн тәртібінде қойылып, теориялық түйіндері шешілуі тиіс мәселелер бар. Ол мәселелер өздерінің айқын болмысымен танылған кезде психологиялық-педагогикалық зерттеу міндеттері де нақтыланады, нәтижесінде қазақ тілін оқыту үдерісінің қандай да бір проблемасы анықталады.

Қазақ тілі біз үшін біздің ана тіліміз болуымен құнды. Қазақ тілін оқыту үдерісінің ғылым нысанына айналуы - қазақ тілін оқыту барысының заман өзгерісіне дер кезінде бейімделу жолдарын танып-талдап практикаға енгізудің тиімді әрі нәтижелі тетіктерін анықтаумен де байланысты танылады; Бұл ретте қазақ тілін оқытудың жаңа технологияларын білу міндеті туындайды. Қазақ тілін меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, дамытылып, тереңдетіледі [1].

### **Кіріспе**

XX ғасырдың басында мобильді оқыту мәселесі ағылшын тіліндегі ғылыми-педагогикалық бағыттағы баспасөз беттерінде көтерілген еді. Кейінірек біздің елімізде де бұл тақырып қозғалып, білім беру жүйесін ақпараттандыру, электронды оқыту жүйесін жасау, бағдарламаға енгізу әрекеттері жүзеге асырылып, жекелеген педагогтар бастамасымен білім беру жүйесіне ене бастады.



«Мобильді оқыту» деп – мобильді құрылғылар көмегімен кез-келген уақытта, кез-келген жерде білім алуды айтамыз». Сол мобильді құрылғылардың қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолданысы қандай? Оқытушыларымыз сабақ барысында қаншалықты тиімді қолдана алады? Бұл қосымшаларды қазақ тілін үйретуде қандай әдістер көмегімен қолдана аламыз? Бұл сұрақтардың жауабына мақала барысында кеңірек тоқталатын боламыз [2].

Қазіргі таңда компьютер және басқа да сандық құрылғылар әрбір адам өмірінің ауқымды бөлігін қамтитын болды. Күнделікті өмірде біз смартфон, планшет немесе өзге де мобильді құрылғыларды жиі қолданамыз. Бүгінгі жоғары оқу орындарында оқитын цифрлы қоғамда туып, ақпараттық технологиялармен қатар өсіп келе жатқан бүгінгі ұрпақ мұндай технологиялар, интернет пен мобильді құрылғыларды өмірлерінің ажырамас бөлігі деп қарастыратыны анық.

Сандық мобильді құрылғылар олардың күнделікті өмірінде ғана емес олардың оқу процесінде де орнымен қолданылуда. Заманауи оқыту үрдісі тек оқытудың тұжырымдамасы мен әдістеріне сүйеніп қана қоймай оқыту процесінің технологиялық және техникалық жаңаруымен де тығыз байланыста дамуда.

Планшеттік компьютерлер, смартфондар, мобильді телефондарды білім алу мақсатында қолдану электрондық оқыту тұжырымы аясында жаңа бағыттағы мобильді қосымшалар көмегімен оқыту үрдісін қалыптастырды. Көптеген ғалымдар мен педагогтар болашақта ақпараттық компьютерлік технологиялармен оқыту, мобильді байланыс құралдарының таралуы оқыту мүмкіндігін кеңітіп, сапасын арттыратыны жөнінде болжам жасайды. Бұл көптеген оқу қосымшалары мен бағдарламалардың, жаңа технологиялардың пайда болуымен байланысты [3].

### **Материалдар және әдістердің сипаттамасы**

Қазақ тілін оқытуда үздік нәтижелерге қол жеткізіп, студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды айтарлықтай сапалы деңгейге көтерген оқыту технологиясының бірі - дамыта оқыту технологиясы. Даму, бұл – уақыт талабына сай үнемі өзгеріп отыратын тұрақты, әрі өзекті құбылыс. Қашықтан оқыту жүйесіне сай тіл үйреніп жүрген білім алушылардың білімін бақылау мен қадағалау процесін оңтайландыру үшін арнайы мобильді қосымшаларды қолданып бағалау процесін жүзеге асыруға болады. Қазақ тілі сабағының міндеті тіл үйретумен қатар білім алушының ой-өрісін дамыту болса, адамның ой-өрісі қалай жағдайда да сөйлеуді дамытуға бағытталады. «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда көркі кетпеуін» қадағалау қазақ тілін үйрететін оқытушының басты міндеті деп білеміз.

Қосымшалар көмегімен оқыту – бұл тұрақты мобильді құрылғылар мен технологиялар арқылы жүзеге асатын, білім алушының тілдесіп, байланыс орнатып немесе ақпарат алуы негізінде білім алу үрдісінің барынша тиімді ұйымдастырылуына мүмкіндік беретін әрекет. Жалпы зерттеулердің көпшілігі дәстүрлі және қазіргі кездегі өзге де оқыту әдістерімен салыстырғанда қосымша арқылы оқытудың басты ерекшелігі білім алушының білім алу барысында белгілі бір мекенге немесе уақытқа тәуелді болмауы деген тұжырымға тоқталады. Олар кез-келген уақытты, кез-келген өздеріне қолайлы мекенде оқу материалдарын қолдана алады.

Мобильді қосымшаларды түрлі оқу пәндерімен қоса, қазақ тілін оқытуда да қолдана аламыз. Бүгінгі таңда жалпы тіл үйретуге арналған қосымшалар көптеп кездеседі. Тәжірибе жүзінде мобильді қосымшалардың дәстүрлі оқыту әдістерінен артықшылығы аз емес, мысалы: жеке әрекеттерді интенсификациялау, тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне сай оқыту, танымдық белсенділікті арттыру және үйренуге мотивация беру. Біздің көзқарасымызға сай мобильді электрондық құрылғылардағы қосымшаларды қолдану қазіргі таңда айрықша өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі сандық технология саласына кей студенттердің білімі төмен, әрі олар ұсынылған бағдарламалық өнімдерді жеткілікті бағдарлай алмайды. Оқытушының міндеті білім алушыларға кеңес беріп, тіл үйренуге барынша итермелейтін жеке оқу дағдысына сәйкес өнімді таңдауға көмектесу. Сондай ақ, құрылғыларды қолдануын қадағалап, оларды білім алу мақсатында қалай қолдану керектігін үйрету. Бұл – білім беру процесін оңтайландырады. Сонымен қатар, мобильді қосымшаларды қолдану барысында туындаған түсініксіз сұрақтарға сол қосымшаларда көрсетілген анықтама көмегімен жылдам жауап алуға болады және олар ақпаратты тез табуға мүмкіндік береді. Анықтамаларды кітаптан табуға қарағанда әлдеқайда оңай. Екіншіден, баспадан шыққан нұсқаларға қарағанда интернет желісінде ұсынылған мәліметтер жаңа, әрі өзекті. Себебі, баспада жарияланған кітаптағы мәліметтер ескіріп не жаңа мәліметтермен алмастырылып, өзектілігін жоғалтқан болуы ықтимал. Үшіншіден, мобильді қосымшаны қолдану аудитория аясында жүргізілген сабақ пен өзіндік жұмыстар барысында да студенттің қызығушылығын арттырады.

Қосымшалар арқылы оқытудың артықшылығымен қатар кемшіліктері де айтарлықтай. Өз тәжірибемізге сүйеніп алдымен артықшылықтарын бірнеше топтарға бөліп қарастырсақ.

Психологиялық аспект. Студенттің өзіндік психологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, мықты және әлсіз тұстары анықталып, оқыту процесін сол ерекшеліктеріне сай бейімдеп, студенттің өзіне

арналған жеке дара оқу үрдісін қалыптастыру. Қосымшалар көмегімен тіл үйретудің негізгі артықшылығы осында.

Әдістемелік аспект. Қосымшаларды қолдану білім алушыға үстеме мотивация береді. Студенттің оқу процесіне қатысты қызығушылығын арттыру үшін тапсырмалардың көпшілігі ойын форматында әзірленген. Сондай-ақ, көптеген қосымшалар білім алушының икемі мен қабілетін анықтауға негізделген.

Техникалық аспект. Техникалық аспект тұрғысынан алғанда мобильді құрылғылардың техникалық ерекшеліктері мұқият зерттеліп, тәжірибе жүзінде дәлелденген. Біріншіден, көптеген аудио немесе мобильді құрылғылар сөзді, сөз тіркестерін және толығымен аутентикалық мәтіндерді дыбыстай алады. Оқушы өз сөзін таспаға жазып, тыңдап, салыстыра алады. Екіншіден, әрбір әрекет түрлі бейне, анимация немесе суреттермен толықтырылған. Бұл ерекшелік білім алушы тарапқа бейтаныс жаңа лексикалық бірліктерді есте сақтауда тиімді болары анық.

Оқу процесінде мобильді және компьютерлік құрылғыларды және қосымшаларды қолдану мәселесіне қатысты жалпы әдістемелік тәжірибе барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды:

1. Оқу процесі барысында ақпараттық технологияларды қажетті деңгейде меңгере алмаған білім алушылар үшін қосымшаларды қолдану бірқатар қиындықтар тудыруы мүмкін.

2. Мобильді қосымшалармен жұмыс көптеген сыртқы факторларға тәуелді, мәселен, әрбір құрылғының техникалық ерекшелігі әр түрлі, және соған сай белгілі бір тапсырмаларды орындау барысында техникалық тұрғыдан шектеулер туындауы немесе интернет жылдамдығына байланысты шектеулер орын алуы мүмкін.

3. Оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей коммуникацияның жанды сұхбатты алмастыра алмауы және аталған әрекеттің коммуникативтік құзіреттіліктің толыққанды дамуын қамтамасыз ете алмауы.

Сабақтың барысында барлық білім алушының сабаққа белсенді қатысуын ұйымдастыру үшін түрлі құралдар қолданылады. Бұл ретте оқытушы мен студенттің субъект-аралық қатынасқа негізделген ынтымақтастығы бір сәтке болса да өзгермей сақталуы талап етіледі. Компьютерлік ақпараттық технологиялар көмегімен орындалатын интерактивті білім беру жүйелерінің сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты дамытуда алатын орны әлі зерттеліп, толығы берері анық.

### Талқылау

Сан түрлі қосымшалар арасынан қазақ тілін оқыту әдістемесіне қолайлы деп саналатын Google Classroom платформасына тоқталайық.

ClassRoom бұл оқу орындары мен кез келген коммерциялық емес мекемелерге арналған тегін қызмет. Сонымен қатар ол Google жүйесінде есептік жазбасы бар кез-келген тұлғаға қолжетімді. ClassRoom көмегімен бүгінгі күнде оқытушы мен студент қарым-қатынасы аудитория шеңберімен шектелмей жаңа деңгейге көтерілді. ClassRoom уақыт секілді құнды ресурстарды немесе өзге физикалық ресурстарды үнемдеуде де қолайлы. Оның көмегімен тұтас курс әзірлеуге, тапсырма беруге, байланыс орнатуға және жұмысты жүйелендіруге мүмкіндік туады. ClassRoom-мен жұмыс жасаудың артықшылықтары мынадай:

Қолданысы өте қарапайым. Оқытушылар өздері шәкірттерін белгілі бір курстың тізіміне енгізе алады немесе курс тыңдаушысы ретінде тіркелу кодтарын береді. Бұл бірнеше минуттық жұмыс.

Уақытты үнемдеуде тиімділігі. Онлайн форматта жұмыс істеу оқытушыға бір платформа көмегімен тапсырманы жіберуге, тексеруге және бағалауға мүмкіндік береді, яғни оқыту жүйесінің аталған әр кезеңіне жұмсалатын уақыт көлемі азаяды.

Материалдарды жүйелеуде қолайлылығы. Студенттер тапсырма парағы арқылы қандай тапсырмалардың тапсырылып-тапсырылмағандығын толық бақылай алады және қолжетімді материал толығымен олардың Гугл Диск папкасына автоматты түрде жүктеліп отырады.

ClassRoom қосымшасында тікелей тілдесу мүмкіндігі бар. Оның көмегімен оқытушы тапсырманы салып, хабарландыру жіберіп, талдауды бастап кете алады. Ал студенттердің материалдармен алмасып, курс лентасындағы сұрақтарға жауап беруіне мүмкіндік бар.

Бұл қосымша қаншалықты қауіпсіз? ClassRoom қосымшасында жарнамалар жоқ, материалдар мен студенттер деректері маркетингтік мақсатта қолданылмайды.

Оқытушы ClassRoom қосымшасында камераға рұқсат беру арқылы ClassRoom-ға видео және фото жариялауға мүмкіндік туады. Сақтау қоймасына да рұқсат беру арқылы құрылғы жадында сақталған фото және видео материалдарды қосымшаға бекітуге болады. Бұл қосымшамен жұмыс барысында есептік жазбаны таңдау мүмкіндігіне ие болу үшін есептік жазбаны қолдануға рұқсат берілуі шарт. Бұл қосымшалар пандемияға байланысты әлемде жарияланған карантин кезінде оқыту процесін жеңілдетуге зор үлес қосты.

Қазақ тілін оқыту барысында студенттердің логикалық ойлау

мәдениетін дамыту да ерекше ескерілетін мәселе. Қазақ тілін оқыту барысында логиканың қандай элементтерін енгізу керек? Логика элементтерін оқытуда қолданылатын әдіс-амалдарды қазақ тілін оқыту әдістемесімен қалай ұштастыруға болады? Қазақ тілін оқыту барысында қажетті деп саналатын логикалық білім мазмұнын игере отырып, оқуда ойлаудың жүйелілігі, бірізділігі, пайымдаудың құрылымы және оны меңгеру арқылы пайымдауға, ой қорыта білуге дағдылану жолдарын қарастырады. Оқыту процесі таза логика немесе таза лингвистикалық білім беруге айналып кетпес үшін ол үздіксіз бақылауда болуы тиіс. Осындай тілді оқытудағы мәселелерді оқытушы ескере отырып, қосымшадағы тапсырмаларға енгізе алады. Логиканы дамытуға арналған тапсырмаларды Kahoot қосымшасына салуға болады. Бұл қосымша да жоғары оқу орындарындағы әдістемелік тәжірибеде оң нәтиже көрсеткен қосымшалардың бірі. Kahoot қосымшасын қалай қолданамыз? Kahoot сабақты қызықты, көңілді, тиімді өткізуге арналған онлайн викториналық тесттер мен сұрақ-жауапқа негізделген қосымша. Бірнеше минут ішінде логикалық ойын құрастырып немесе көптеген дайын өнімдер арасынан қажетін тандап жаңа тақырыпты игертуде, білімді бекітуде және сауалнамалар жүргізуде таптырмайтын құрал.

Бұл қосымшаны оқытушылар да, студенттер де, мектеп мұғалімдері мен оқушылар да жақсы танып, бүгінде дәстүрлі білім беру жүйесіне негізделген сабақ барысында да қолданып жүр. Ал қашықтан оқыту кезеңінде бұл қызмет оқытушы үшін ең тиімді құралға айналған еді. Сабақты қалыптағы форматтан жаңашыл форматқа өзгертіп, жаңа тақырып түсіндірілгеннен кейін Kahoot көмегімен сұрақ-жауап түрінде бекіту секілді функциялар кез-келген оқытушыға қолжетімді әдіс. Сонымен қатар, таныстырылған материалдарды талдау арқылы сыни ойлау құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Мысалы, жаңа материалдарды игеру барысында студенттер экранның арғы бетінде бастарын изеп отыра беру мүмкін. Осындай кезде қысқа динамикалық тест алсаңыз, олардың тақырыпқа қызығушылықтары оянып, олар сабаққа белсенді түрде араласа бастайды. Тест алу арқылы студенттердің бес минут бұрын оқытушы берген материалды толық меңгерген-меңгермегендігін анықтауға болады. Дұрыс жауаптың жасыл түспен боялуы да сол жауаптың студент жадында сақталып қалуына ықпал етері анық. Әрбір ойын барысында ойыншылардың рейтингі көрініп тұрғандықтан, бұл әрекет білім сайысына қатысушыларды ынталандырады: әрбір қатысушы келесі сұраққа мүмкіндігінше дұрыс жауап беріп, жақсы ұпай жинауға ынталы болады. Kahoot көмегімен жүргізілетін сабақтар ретін толықтыру немесе сабақ тақырыбына сай

оның қолданысын кеңейту немесе түрлендіру оқытушының ынтасына, қиялына және жалпы дүниетанымына сай жүзеге асатын процесс. Терең түсіндіруді талап ететін күрделі тақырыппен жұмыс барысында студенттің біліміндегі олқылықтар тест көмегімен толығып отырады. Kahoot арқылы видеоконференция ұйымдастырып, қашықтан оқыту жүйесі шеңберінде өз бетінше орындауға арналған ойын форматындағы тапсырмаларды жіберу мүмкіндігі де бар. [4] Сонымен студенттің соңғы өтілген тақырыптарға сай материалдардан алған білімін түйіндеуге, жаңа материалды түсіндіру барысында сұрақ-жауап ұйымдастыруға аса қолайлы қосымша ретінде мәлім. Әрбір студенттің білімін дамытудағы оң өзгерістерді анықтау үшін ойын қорытындысының аналитикасын қолдану керек. Студенттер өз бетінше тест құрастыру арқылы білімдерін тереңдете түседі, пассивті студенттердің пәнге қызығушылығы оянады. Бұл қосымша көмегімен олардың бойында топтық серіктестік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған командалық ойын мүмкіндіктері бар. Kahoot қосымшасында ойындар мен тапсырмалар құрастыру үшін барлық қажетті тетіктермен егжей-тегжейлі танысу қажет. Тілді таңдап, викторина кезінде ойыншылардың көңіл-күйіне әсер ететін қандай да бір жағымды әуенді фонға қоюға болады. Сабактың тақырыбын, сипаттамасын жазып, сурет іліп, қажет десеңіз ютубтағы бір роликтің сілтемесін де қоюға болады. Ең бастысы, ойын барысы барлық қатысушыларға қолжетімді болу үшін олардың бәрін ойынға алдын ала тіркеуді ұмытып кетпеген жөн. Қосымшада оқытушы сұрақ-жауаптарды енгізу үшін беттің жоғарғы жағында жазу жолағы және бүйірінде сурет ілетін функциясы бар. Студенттің жауап беруіне бөлінген уақытты шектеу мүмкіндігі де қарастырылған. Ойын немесе сұрақ-жауап сессиясы соңында электронды таблицадағы нәтижені жүктеп алып, студенттің нәтижесін қарап, талқылауға болады.

Оқыту үйренушінің оқуға деген ынтасы артқанда ғана өз мақсатына жетеді. Оқыту мотивациясын жандандыру оқытушының үлесіне тиесілі. Оқытудағы мотивацияны қалыптастыру оқытушының тәжірибесіне, білімділігіне байланысты. [5]

Білім беру процесі барысында мотивацияны оятатын құрал - жаңа техникалық оқыту құралдары. Оқыту процесінде видеофильмдерді, теледидарды, аудиотаспаны немесе компьютер, смартфон сияқты түрлі құрылғыларда ұсынылған мүмкіндіктерді қолдануды оқытушыға кәсіби біліктілігі міндеттейді.

О.В. Канарская: «Инновационное обучение на уроках русского языка попытка новаторского подхода в современных условиях к решению задач гуманизации обучения, преодоления формализма, авторитарного



стиля, поворот к личности обучаемого, поиск условий для раскрытия его творческого потенциала, фактически, инновационное обучение – результат изменения стиля общения на уроке, стиля презентации знаний и усвоения их как умений» – деп жаңаша жаңғыртып оқытуға анықтама бергеніндей, инновациялық сабақтарда сабақтың мазмұнымен қатар, көрнекіліктер, видео, видео-аудиоқұралдар, компьютер, электронды оқулықтар барынша қолданылып бір сабақ екінші сабақтан мүлдем өзгеше болуы керек [6]. Оқытушының инновациялық жаттығулары үйренушінің өз бетімен тапсырмаларды, проблемаларды, дидактикалық шарттарға сәйкес шешуіне мүмкіндік тудыруы тиіс.

Инновациялық оқыту әдістемесіне тоқталғанда тағы да мобильді қосымшаларды қолдануды ұсынамыз. Бұл - Socrative қосымшасы. Оқытушының техникалық қамтамасыз етілу мүмкіндіктеріне сай аталған қосымшаны компьютерде де қолдануға болады. Қазақ тілін меңгертуге қатысты дәстүрлі әдістерден бөлек қазіргі студенттерге сабақты жаңашылдықпен ұсыну заман талабына айналып отыр. Қазақ тілінде фильмдер көрсетіп немесе қазақ әндерін тыңдалым тапсырмасы жүзінде тындатып, сол материалдарда қамтылған сөздерді, әрекеттерді осы қосымша арқылы тексеруге болады. Мәселен, оқытушы сол кино, ән бойынша сұрақтар құрастырады немесе Socrative көмегімен студенттерді жарыстыра алады: кім алғаш болып, дұрыс жауап берсе, сол қатысушыны оқытушы өзі автоматты түрде экранда марапаттайды. Тапсырманың орындалу уақытын шектегіңіз келсе, дұрыс жауапты жылдам тапқан қатысушыға қосымша ұпай беріліп, түрлі мотивациялық смайликтермен қатысушының қызығушылығы артады. Өкінішке орай, осы сияқты тиімді қосымшаларды оқытушылар сабақтарында көп қолдана бермейді. Socrative-те оқытушы студенттеріне арнап өзге де викториналар құрастыра алады және сабақ өткізу барысында стандартты викториналарды таңдауына да болады. Бұл викторина сұрақтарына студенттер өз атынан немесе анонимді түрде жауап беру мүмкіндігі де қарастырылған және бұл талапты оқытушы өз бетінше таңдайды. Студенттер тапсырмаларды орындай бастағанда-ақ оқытушының экранында жауаптар статистикасы пайда болады. Қатысушылардың викторина жауаптары негізінде олардың материалды қаншалықты игергенін оқытушы талдап, олардың білім деңгейін бағалап, оқу бағдарламасын жаңартуына, жақсартуына ықпал ете алады. Викторинаны құрастыру үшін мобильді құрылғыда аталған қосымшаның оқытушыға арналған нұсқасы болуы қажет.

Сонымен қатар, қосымшада көптеген тест нұсқалары ұсынылады, мәселен:

- дұрыс-бұрысты анықтайтын сұрақ форматында;
- бірнеше жауап нұсқалары бар сұрақтар;
- ашық сұрақтар [7]

Оқытушы ретінде біздің басты қызметіміз - тілді үйрету. Ал, білім берудегі мақсатымыз - жалпы практикалық білім беру және тәрбиелеу. Білім берудің осы мақсатына сәйкес оқытудың мазмұны, әдістемесі мен құралдары таңдалып алынады. Үйрету дегеніміз - үйренушінің білімдік және танымдық қызметінің барынша жоғары деңгейге жетуіне, берілген білімнің игерілуіне бағытталған процесс. Бұл процеске үйренуші де үйретуші тараппен қоса атсалысады, екеуінің бірлескен әрекеті негізінде үйренуші білім алып не білімін толықтырып, ал, үйретуші тарап өзінің әдістемелік білімін терендетіп қалыптастырады.

Әдістеме ғылымы оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Оқыту әдістемесі оқытудың мазмұнын, мақсатын, міндетін, әдісін, сондай-ақ, үйрету амалдары мен тәрбие секілді мәселелерді зерттейді. Ал, әдіс білім алуы мақсат еткен оқытушы мен оқушының іс-әрекетінің өзара байланысын қарастырады. А.Н. Щукин: «Әдіс түсінігі белгілі бір міндетті жүзеге асыру жолындағы шындықты теориялық және практикалық жолмен шешудегі амалдар мен тәсілдердің жиынтығы» деген анықтама берген. Білім беру процесін ұтымды жолмен ұйымдастыру мақсатында оқытушы төмендегідей негізгі кешенді әдістерді тиімді түрде пайдаланғаны жөн: оқу-танымдық әрекетті түрлендіру, білім берудегі мотивацияны дамыту әдісі, оқыту тиімділігін арттыратын бақылау әдісі және т.б.

Тиімді оқыту құралдары тек білімді бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар оқыту стратегиясы ретінде қолдану, бағалау мен бақылауға арналған тапсырмаларды жиі қолдану, білім алушылардың тапсырманы орындау барысында жіберген қателерін түзетуге мүмкіндік беру арқылы психологиялық қысымды төмендету мақсатында да қолданылады. Бақылау мен бағалаушылық сипаттағы әдістердің түрлі жекелеген стратегияларын қолдануға да болады, мысалы: кликерлер, карточкалар, бинго, стикер рефлексиясы, қозғалыс тесті секілді түрлерін тиімді қолдана білген абзал.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолдануға болатын қосымшалардың бірі -Worldwall қосымшасы. Интерактивті жаттығулар көмегімен грамматика, лексика, оқылым, тыңдалым тапсырмаларын пысықтауға болады. Түрлі шаблондағы тапсырмаларды қағазға көшіріп алу немесе тапсырманың келесі бір түріне жылдам ауысу секілді мүмкіндіктер – осы қосымшаның басты ерекшелігі. Күрделі тақырыптар қатар келіп немесе қайталанып, студенттер шаршап не қызығушылығы төмендей бастағанда релаксацияға Learningapps қосымшасын қолдануға болады.

Learningapps қосымшасы - ойын көмегімен берілген материалды бекіту және пысықтауға арналған ресурс. Бұл қосымшаны қолданып студенттің тілді меңгеру деңгейіне сай түрлі ойындар, викторина, кроссворд, пазлдар құрастыруға болады. Оған қоса мұнда пайдаланушылар бастамасымен жасалған интерактивті тапсырмалар галереясы бар. Оқытушы қажет материалды таңдап, сабақ тақырыбына немесе өзіндік білім беру стиліне сай өңдеп, түзетіп, жаңартып не толықтыра алады. Академиялық пәндер атаулары бойынша топтастырылған жаттығулар арасынан тиісті пәнге қатысты материалды табу қиынға соқпасы анық.

Әр оқытушының өзіндік сабақ беру стилі болады және оқытушының өзіндік стилін қалыптастыруда түрлі қосымшаларды қолдану ұсынылады. Аталған қосымшаны сабақ барысында қолдануды мақсат еткен оқытушылар қосымшаны қолданар алдында алдымен LearningApps.org қызметіне тіркеледі, келесі қадам – сабақтың тақырыбы, мақсаты мен міндетіне сай оқу модельдерін жасау, соңында оларды сақтап, қажетінше жаңартып, өзгерістер енгізуге болады. Жаттығулар бөлімінде «Барлық жаттығулар», «Жаңа жаттығулар», «Менің сыныптарым», «Менің жаттығуларым» деген секілді жаттығулар топтамасы бар. «Жаңа жаттығулар» топтамасын таңдау арқылы *жұпты табу, хронологиялық кесте, мәтін енгізу, суреттерді реттеу, классификация, викториналық сұрақтар, бос жолдарды толтыру, кім миллионер атанады?, пазлдар, сөзжұмбақ, сөзді табу, сөз құрастыру* секілді жаттығуларға қол жеткізуге болады. Бұл жаттығуларды қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолдану студенттердің зейінін ашып, қазіргі «сандық» әлемде сауатты жасалған электронды білім ресурсы әдеттегі оқыту құралдарына қарағанды эффективті болары анық[8].

Сауаттылық айтылым әрекетін қалыптастыру барысында айрықша маңызға ие. Айтылым тапсырмаларына басымдық беріп, студенттің сауатты сөйлеуі, ойын дұрыс жеткізе алуы дағдыларын қалыптастыру – негізгі міндет. Көпшілік алдында дауыстап сөйлетіп, қайталатып жаттықтырумен қатар, мобильді құрылғы көмегімен қосымша тапсырмалар дайындауға нұсқау беріп, оларды аудио не видео форматында тапсыруын талап етуге болады [9].

Қосымшалар арасынан оқу материалдарын қолданысқа жеңіл тәсілдер арқылы тиімді меңгертуге арналған Quizlet қосымшасын да қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолдана аламыз. Әр оқытушы өз модулін электронды карточкалар көмегімен әзірлейді. Сөз тіркестерін жаттатып, олардың құрылымын талдау мақсатында да Quizlet функциялары көмегіне жүгінуге болады. Одан бөлек уақыт шектеулі болғанда немесе өзара пікір алмасу қажеттілігі туындағанда өзге қолданушылар дайындаған

карточкалар көмекке келеді. Статистикалық мәліметтерге сай 60 миллионнан астам қолданушысы бар бұл қосымшаның білім берудегі тиімділігін нендей функциялары арқылы байқауға болады?

- қажетті материалды карточкаға салып, соның көмегімен оқыту;
- студенттің есте сақтау қабілетін жазылым әрекеті арқылы тексеру;
- іріктеу ойынын ұйымдастырып, жеңіске жету арқылы мотивация беру;
- мәтіндердің ауызша дұрыс жеткізілуін қалыптастыру;
- маңызды емтиханға, бақылау жұмыстарына дайындық ретінде аталған қосымшаны қолдану;

Quizlet материалды жылдам есте сақтауға және меңгеруге себебін тигізеді және платформа ұсынған функцияларды кез-келген пәнді оқытуда ақысыз негізде қолдану - жалпы білім беруші қауымға үлкен көмек [10].

«...Әр педагогтың, өз білімін жетілдіріп, бірсарынды сабақ беруден гөрі, инновациялық технологияларды күнделікті пайдалану-заман талабы» деген К.Д.Ушинскийдің сөзін еске сақтай отырып, оқыту процесін технологияландыруға жалпы педагогтардың бәрі атсалысу керек. Озық тәжірибе озық нәтиже көрсетері сөзсіз.

### **Нәтижелер**

Қазіргі кезде қазақ тілін оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер аясы кең, соның ішінде инновациялық әдістердің орны ерекше. Инновация терминінің «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» секілді мағынада қолданылатыны баршамаызға мәлім. Біздің жаңашыл әлем талап ететін жаңа леп, жаңа бағыттарға негізделген өзгерістердің мазмұны терең, әрі нақты екені белгілі. Бұл әдістеме негізінде үйренушінің дербес қабілетіне сай белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өз бетінше қолдану арқылы танымдық белсенділікті арттыру алға шығады. Үйренушінің дербес белсенді қызмет деңгейі төмендегіше анықталады: іздеу белсенділігі (сөйлеу іс-әрекеті түрлерін қамтамасыз ететін дағды мен біліктілік) [11];

- Шығармашылық белсенділігі (сөйлеу шығармашылығы);
- Қайта құру белсенділігі (оқу материалдарын меңгеруді айырып тану);
- Жеткілікті білім белсенділігі (есте сақтау арқылы меңгерілген материал бойынша алған мәліметті елестету);
- Жоғарғы білім белсенділігі (меңгерілген материалды трансформациялау).

Осы белсенділіктерді арттыруда қосымшалардың рөлі зор, дегенмен, оқытушы тарапынан әрдайым қадағалауды қажет ететін процесс.

Қазақ тілін оқытуда үздік нәтижелерге қол жеткізіп, студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды айтарлықтай сапалы деңгейге көтерген оқыту технологиясының бірі - дамыта оқыту технологиясы. Даму, бұл – уақыт талабына сай үнемі өзгеріп отыратын тұрақты, әрі өзекті құбылыс. Қашықтан оқыту жүйесіне сай тіл үйреніп жүрген білім алушылардың білімін бақылау мен қадағалау процесін оңтайландыру үшін арнайы мобильді қосымшаларды қолданып бағалау процесін жүзеге асыруға болады. Қазақ тілі сабағының міндеті тіл үйретумен қатар білім алушының ой-өрісін дамыту болса, адамның ой-өрісі қалай жағдайда да сөйлеуді дамытуға бағытталады. «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда көркі кетпеуін» қадағалау қазақ тілін үйрететін оқытушының басты міндеті деп білеміз.

### **Қорытынды**

